



№ 9 (1478)
19 наурыз
2013 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

Ғалым МҰТАНОВ,
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың ректоры

Өз Наурыз елімізге бақ-береке, құт-несібе, мол ырыс әкелгей!

*Құрметті ҚазҰУ ұжымы!
Ұлағатты ұстаздар мен студенттер!
Баршаңызды халқымыздың ұлттық мерекесі –
Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!*

Көгілдір көктеммен ілесе елімізге Ұлыстың ұлы күні – Наурыз келді.

Бұл күллі табиғат қайта түлеп, жаңарған шақ.

Наурыз – тіршіліктің, ізгіліктің, жақсылықтың бастауы.

Қара шаңырақ ұлық мейрамды сән-салтанатымен, той-думанмен қарсы алуда. Жыл басы болып табылатын Өз Наурызға ҚазҰУ зор табыспен жетіп отыр. Әлемдік білім және ғылым көңістігінде елеулі орын алып, жылдан-жылға жетістігіміз артып келеді. Жаңа жылда бағындырар белестеріміз көп болсын.

Ақ тілек, достық, ынтымақ мейрамында Сіздерге зор денсаулық, баянды бақыт, отбасыларыңызға амандық, татулық тілеймін! Ұлыстың ұлы күні барша тілектеріңіз қабыл болып, жаңа бастауларыңыз табысқа ұлассын!

Өз Наурыз елімізге бақ-береке, құт-несібе, мол ырыс әкелгей!

Жеріміз тыныш, еліміз аман болып, тәуелсіздігіміз баянды болғай!

Жоғары оқу орындарына жүктелер басты тарихи міндет – болашақ маман иегерлеріне сапалы білім беру. Маман көзқарасы әлемдік деңгейде дамып, бәсекеге қабілетті болуы университет қабырғасында берілетін оқу жүйесімен тікелей байланысты. Мұндай зор жауапкершілік оқытушы-профессорлар құрамына да жаңаша талап жүктейді. 18 наурызда өткен кезекті Ректорат мәжілісінде ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов мәжіліс мүшелеріне қарата осылай сөз сабақтады.

Әдетте адам жасы үшін сексеннің сөңгірі – шежіре, тарих, соқтықпалы, соқпақсыз дария ғұмыр болып қазыналы қартқа бағаланады. Дәл сол сияқты қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті де – шежірелі тарихқа толы. Келесі жылы 80 жылды артқа тастайтын киелі білім ордасының мерейтойына дайындық бүгіннен басталып-ақ кетті.

Үздіктерге үздік қолдау

ҚазҰУ білімі – елдің ертеңі үшін

«Оқу бағдарламасын дамыту, оқыту жүйесіне құзыретті жүйені қолдану – болашақ мамандарды даярлауға дұрыс бағыт береді. Дұрыс бағыт – дұрыс маман деген ұғымға сай келеді», – дейді Ғалым Мұтанов. Осы орайда Оқу жұмысы жөніндегі проректор Уәлихан Әбдібековтің Бакалавриат мамандықтары бойынша 2013-2014 оқу жылына арналған негізгі оқу жоспарларын құру барысы жөніндегі хабарламасы тыңдалды. Хабарламада проректор жаратылыстану-техника ғылымдарының және әлеуметтік-гуманитарлық мамандықтардың негізгі оқу жоспарларының жобасына тоқталды. Келесі оқу жылына арналған негізгі оқу жоспарының жобасында мемлекеттік міндетті модуль, әлеуметтік-коммуникативті модуль, кәсіби модульдердің блогы, қосымша оқу түрлері бойынша оқытылатын пәндердің тізімі көрсетілді. Уәлихан Әбдібеков осы

үлгі негізінде барлық факультеттерге негізгі оқу жоспарының жобасын пысықтауды ұсынды. Бакалавриат мамандықтары бойынша 2013-2014 оқу жылына арналған негізгі оқу жоспарларын құру жобасының негізгі мақсаты – оқу жүйесіне құзыреттік тұрғыны қолдануды көздейді. Яғни компетенттік тұрғы – кадрларды қалыптастырудың озық үлгісі екендігі айтылды. Бүгінгі ректорат отырысында мәжіліс мүшелерінің назарына ұсынылып, бір тиянақталып, жан-жақты ой-пікірлер айтылған жобаны университет басшысы тағы бір пысықтауға ұсынды. ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов оқытушылар қауымын Ахмет Байтұрсынұвтың «Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін» қағидасымен қызмет етуге шақырып, оқу жоспарының озық болуы – озық мамандар қалыптастырудың негізі екендігіне бағыт айтты.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

18 наурыздағы Ректорат мәжілісінде бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев Университет мерейтойына арналған іс-шаралардың бас жоспарымен таныстырды. Бұл тұста университет басшысы Ғалым Мұтанов ҚазҰУ ұжымына мерейтойлық шараларға дайындық кезеңінің алғашқы сатысын бүгіннен қолға алуды тапсырды. Әр жауапты тұлға өзіне тиесілі міндетті тиянақты орындауға атсалысуға шақырылды. Бас жоспар жұмыстарымен танысқан жоғары оқу орнының ұжымы қойылған талаптар үдесінен шығуға сөз байласты.

Ректорат мәжілісінде сонымен қатар Жастар ұйымдары комитетінің жетекшісі Нұрлан Әбдіқадыровтың есебі тыңдалды. Сонымен қатар Мектеп оқушылары арасындағы Республикалық пәндік олимпиада қорытындылары туралы Механика-математика факультетінің деканы Дархан Ахмед-Закидің ақпары ректорат мүшелерінің назарына ұсынылды.

Бұл ректоратта ерекше атап өтер игі шара экономика және бизнес Жоғары мектебі есеп және аудит

кафедрасы мен қаржы кафедрасы студенттерге тағайындаған жиырма бір шәкіртақы. Аталмыш факультеттің деканы Баян Ермекбаева шәкіртақы иегерлері мен демеушілерді хабарлап, бұл тағайындауларда «Қарасай құрлыс» АҚ, «Беккер» АҚ, «Думан» АҚ, «Алым» салықшының кеңестік қызметі сонымен қатар, факультеттің 2007 жылғы түлектерінің ерекше қолдауын атап өтті. Үздік студенттерге – үздік қолдау танытқаны үшін шәкіртақы иегерлері туған университеттеріне, факультеттеріне ерекше алғыстарын жеткізіп жатты.

Ректорат отырысы бірнеше жағымды жаңалыққа толы болуымен ерекшеленді. ҚазҰУ алда Ұлыстың ұлы күнін де үлкен дайындықпен қарсы алуды жоспарлап отыр. Университетте «Наурыз – тазалық айы» болып қалыптасқан. Биыл да өз Наурыз қарсаңында «Парасат» кәсіподағының ұйымдастыруымен тазалық айлығы байқауы жарияланғандығы айтылды. Байқау нәтижесінде үздіктер анықталып, бағалы сыйлықтар ұсынылмақ.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

Будущее за сильными профсоюзными

В КазНУ состоялась международная научно-практическая конференция «Общество всеобщего труда: практика и перспективы модернизации профсоюзного движения и социального законодательства», организаторами которой выступили кафедра гражданского права и гражданского процесса, трудового права юридического факультета и профсоюз работников университета «Парасат».

Председатель профсоюза «Парасат» работников КазНУ Талгат Мекебаев, открывая конференцию, сказал: «Президент РК Н.А.Назарбаев, высоко оценив роль профсоюзов в казахстанском обществе, поставил перед нами большие задачи. Включившись в реализацию идей Главы государства, профсоюз нашего университета проводит активную работу по принципу социального партнерства. В рамках социальной защиты, комитетом оказывается помощь ветеранам войны и труда, сотрудникам и студентам университета. Благодаря профсоюзу более 120-ти работников получили квартиры».

В ходе конференции были обсуждены такие вопросы, как: модернизация профсоюзного движения, проблемы и перспективы профсоюзного строительства; основные направления совершенствования трудового законодательства и законодательства о социальном обеспечении, социальном страховании; профилактика, предупреждение и регулирование трудовых конфликтов; правовые ориентиры и приоритеты формирования в РК Национальной системы профессиональной квалификации и др.

В своем выступлении «Проблемы законодательства о профессиональных союзах в постсоветских странах» профессор Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева Енлик Нурғалиева подчеркнула, что «Наша цель – сформировать принципиально новую модель трудовых отношений, сочетающую поддержку предпринимательства с учетом интересов работников, представленных в основном профсоюзами. Они должны стать активными участниками социального партнерства, которые могут вести переговоры на более высоком уровне, обеспечивая свое присутствие во всех сферах общественной жизни».

В ходе работы конференции был заключен меморандум о создании общественного объединения «Научно-практический центр социального партнерства и профсоюзного строительства».

В мероприятии приняли участие представители отраслевых профсоюзов стран СНГ, ведущие ученые-юристы, и т.д.

Акмарал КУАНЫШЕВА

15 наурызда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Цукуба (Жапония) университетімен бірлескен Қазақстан мен Жапония арасындағы дипломатиялық қатынастың орнауына 20 жыл толуына орай «Өркениеттер тоғысындағы тіл, қоғам, мәдениет» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Әріптестік байланыстар артуда

Конференцияның басты мақсаты – ғылым мен білім саласындағы университетаралық байланысты нығайту. Сондай-ақ шара барысында шығыс филологиясын зерттеу, Қазақстан мен Жапонияның пәнаралық ізденістері және Орталық Азия мен Жапонияның қауіпсіздік, экология, экономика мен энергетика саласындағы ынтымақтастығы сөз болды.

Алматы қаласындағы Жапон елшілігінің бөлім бастығы Мацудзакэ Киеси алғы сөзінде: «Қазақстан мен Жапония университеттері арасындағы әріптестік жылдан-жылға нығайып келеді. Цукуба университеті мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ынтымақтастығы осының жарқын дәлелі болып отыр. Бұл жапонтанушылар бас

қосқан екінші халықаралық конференция болып табылады. Онда білім беру жүйесінің өзекті мәселелері талқыланып, жетістіктермен бөлісіп, болашағы зор серіктестікке жол ашылуда», – деді.

Конференцияға Орта Азияны зерттеу орталығының директоры Усуяма Тошинобу бастаған Цукуба университетінің өкілдері, Германия мен отандық ғалымдар, Қазақ-жапон адам ресурстарын дамыту орталығының және бизнес құрылымдарының өкілдері, университет ұстаздары мен студенттері атсалысты. Сондай-ақ конференция өзекті мәселелер қозғалған пленарлық және секциялық отырыстар жұмысымен жалғасты.

ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі



В Высшей школе экономики и бизнеса (ВШЭиБ) КазНУ в свете Стратегии «Казахстан-2050» состоялся Круглый стол «Знания и профессиональные навыки – ключевые ориентиры современной системы образования».

Участники мероприятия обсудили вопросы подготовки специалистов нового поколения. Собравшиеся полностью поддержали идеи Президента страны о необходимости ориентирования профессионально-технического и высшего образования на максимальное удовлетворение не только текущих, но и перспективных потребностей национальной экономики. Они отметили, что студенты должны приобретать практические профессиональные навыки, обучаясь еще в стенах вуза.

«Сегодня студентам необходимо давать не только теоретические знания, но и развивать в них аналитическое мышление. Например, ввести в учебные планы экономистов предмет «Анализ ситуации», применять «деловые игры», а также в обязательном порядке предоставить студентам 2-3-х курсов возможность прохождения практики в компаниях», – поделилась своим мнением директор аудиторской компании «Almir Consulting» Бакыт Искендірова.

Она также подчеркнула, что сейчас работодатели обращают большое внимание на рейтинг вузов. «Если вы получили диплом университета, который входит в первую пятерку, то считайте, что вы сделали верный шаг к получению хорошей работы. А поскольку КазНУ им. әл-Фараби является ведущим вузом отечественного образования, то вы приняли правильное решение, поступив сюда», – добавила Бакыт Касымовна.

В мероприятии также приняли участие декан ВШЭиБ Б. Ермекебаева, заведующий кафедрой учета и аудита Б. Султанова, ее заместитель А. Бейсенбаева, профессор К. Тайғашынова, председатель Совета редакторов ТОО «Қазақ газеттері» Ж. Кенжалин, исполнительный директор Евразийского совета сертификационных бухгалтеров и аудиторов ЕССБА Д. Шютц, генеральный директор ТОО «Центр аудит - Казахстан» В. Радостовец, главный редактор газеты «Экономика» А. Тажутов, преподаватели и студенты факультета.

Акмарал КУАНЫШЕВА

www.kaznu.kz

Химия және химиялық технология факультетінің деканы Оңғарбаев Ердос Қалимоллаұлы білім және іргелі зерттеулер аясындағы үздік кәсіби қызметі үшін Еуропалық ғылыми-өндірістік палатасының сапа дипломымен және алтын медалімен марапатталды.

* * *

Кафедра информатики и студенческий маслихат механико-математического факультета провели конкурс молодых кураторов-эдвайзеров, который состоял из таких туров, как «Представление-знакомство», «Искусство», «Вопросы-ответы» и «Ораторское искусство».

По итогам соревнования главный приз и звание «Лучший куратор мехмата» завоевала молодая адвайзер кафедры информационных систем Айман Бекетова. Другие участницы конкурса признаны победителями в следующих номинациях: Д.Туралина – «Лучший лектор», П.Толеугазы – «Изобретательный куратор», С.Талеева – «Спокойный педагог», З.Абдиева – «Актерское мастерство».

* * *

Биофизика және биомедицина кафедрасының меңгерушісі Сұлтан Төлеуханұлы Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының қауымдастығы атынан жоғары білім жүйесінің дамуына қосқан зор үлесі және жоғары оқу орындарына оқулықтар жазудағы көпжылдық нәтижелі еңбегі үшін Ахмет Байтұрсынов атындағы қола медальмен марапатталды.

* * *

В КазНУ состоялся Круглый стол «Развитие экосознания молодежи». На нем были представлены новые идеи студентов по проекту Грин кампус и обсуждены вопросы подготовки к предстоящему Международному форуму «Зеленый мост через поколения».

В рамках мероприятия прошла презентация-экскурсия «Роль музея в устойчивом развитии университета», которую провела профессор кафедры энергоэкологии факультета географии и природопользования Т.Тажимаева.

К участию на Круглом столе были приглашены представители студенческого бюро по Болонскому процессу ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Казахского университета экономики, финансов и международной торговли и Комитетов по делам молодежи вузов г. Алматы.

Біз бір күнімізді Қонаев атаның мұражайына арнадық. Ауған балалары және Қытай елінен келген оралман балалар бәріміз бірігіп бардық. Мектеп қабырғасында, тарих сабағынан Д. Қонаевтың қазақ елі үшін сіңірген еңбегінің зор екенін жақсы білуші едік. Алайда мұражайына барғанда оның өмірінің біршама сырына қанықтық. Бармаған мемлекеті болмаған-ау, сірә...

Ұлы мұра мұражайында

Мұражайы төрт бөлмеден тұрады екен. Бірінші бөлме – өзі жиған кітаптары мен жұмыс орны. Қонаев ата әрбір мемлекетке барған сайын сол мемлекеттің кітаптарын алып келіп міндетті түрде оқиды екен. Сондай-ақ өзі жазған, оқыған, басқа мемлекеттерден алып келген кітаптарының саны жеті жарым мыңға таяу болып шықты. Ал ол кісінің сүйікті ісі оттық жинау екен. Бұны тіпті сол кездегі әрбір мемлекет басшылары біліп, Д. Қонаев атаға арнайы тартуға оттық жіберіп отырыпты. Бір сөре толған оттық болып шықты. Барлығымыз қатты қызықтық. Мұражай қызметкері бізді басқа да бөлмелерді көруге шақырды.

Келесі бөлме Д.Қонаев атаның мемлекет істерін ақылдасып отыратын қонақ бөлмесі екен. Бір көрініс қатты ұнады. Атаның қазақ еліне істеген еңбегі үшін Қызылорда күріш өндірушілері күріштен Д. Қонаев пен жұбайы екеуінің суретін бейнелеп, сыйға тартыпты.

Мұражай қызметкерлерінің көмегімен атаның өмірбаяны, атқарған қызметтері, барған мемлекеттері жайлы танып білдік. Мақтаныш сезіммен, қимастықпен мұражайдан ұзап кете бардық.

Мархаббат ИЛИЯС,
ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының студенті

Мақтанышымызға айналған мейірімді жан!

Жақында Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің Мансап және бизнес орталығы мен биология және биотехнология факультеті, биофизика және биомедицина кафедрасының ұйымдастыруымен мақтанышымызға айналған мейірімді жан – Байқошқарова Салтанат Берденқызымен кездесу өтті.

С.Б. Байқошқарова әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың биология және биотехнология факультетінің биофизика және биомедицина кафедрасының түлегі. Қазіргі таңда «Экомед» емханасының ғылыми жетекшісі, Қазақстандағы алғашқы денеден тыс ұрықтандыру (ДТҰ) лабораториясының негізін қалаушы, биология ғылымдарының докторы, репродуктолог-эмбриолог, ең бірінші Қазақстандық «құтыдағы баланың» авторы, ҚР Президентінің жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі Ұлттық Комиссияның мүшесі, Қазақстан адам ұрпағын өрбіту ассоциациясының президенті, «Құрмет» орденімен марапатталған.

Оның бастапқы қуанышы мен жетістігін атап өтсек, Қазақстанда алғаш

рет бедеулікті емдеуге арналған денеден тыс ұрықтандыру «ДТҰ» әдісін 1995 жылы «Экомед» емханасында жүргізіп, 1996 жылы 31 шілдеде ең алғашқы Қазақстандық «құтыдан шыққан» нәресте дүниеге келген болатын.

Кездесу кешінде биология және биотехнология факультетінің деканы, профессор Т.М. Шалахметова 200-ден астам жиналған студент қауымына қонақ иесін таныстырып, қазіргі таңдағы жанұядағы өзекті мәселелердің біріне айналған бедеулік немесе сәби сүю мәселесіне тоқталып өтіп, қонаққа сөз берді. Салтанат Берденқызы ғылыми ізденістерінен, өмір жолынан студенттерге жақсы мәліметтер берді. Қиыншылықтарға бой бермей, ерінбей еңбек ету арқасында бүгінгі таңдағы жетістікке жеткенін айтты. Сахнада көрсетіліп тұрған слайдтардан «Экомед» орталығының жалпы ұжымымен таныстырып шықты.

М.С. КУЛБАЕВА,
биофизика және биомедицина кафедрасының аға оқытушысы

Өнегелі жүздесу

Жауға қарсы шауып, ерен ерлігімен тарих беттерінде қалған қайсар қыздарымыз аз болмаған. Қазақ әйелі дәстүрлі мәдениеттің бесігін төрбетіп, әйелдіктен даналыққа, отбасы, ошақ қасы тірлігінен рулы елдің қамын жейтін ел анасы деңгейіне көтеріле білген. Көркіне ақылы сай әрі тапқыр Қарашаш сұлудың даналығы қиналған жерде жары Жиренше шешенді құтқара алса, Абайдай асылды тәрбиелеген Ұлжан, ұлы ақынның өміріне, ақындығына игі әсерін тигізген Зере әжелер бүгінгі ұрпаққа үлкен үлгі-өнеге болатыны сөзсіз. Сондай-ақ қазақ тарихында аққан жұлдыздай із қалдырған Шоқанның әжесі Ұғаным ханым елді ақылмен басқара алды. Ерлігі аңыз болып, ел аузында қалған Томирис пен Зарина, жоңғар шапқыншылығы тұсында еріне серік болып атқа қонған Қабанбай батырдың жары Гауһар, Кенесарының қарындасы Бопай сынды батыр қыздарымыз – елдің бірлігі, жердің бүтіндігі үшін жауына қарсы шауып, артында өшпес із қалдырды. Батырлардың ұрпағы Хиуаз, Мәншүк пен Әлия да екінші дүниежүзілік соғысқа өз еріктерімен аттанып, ерен ерліктерімен есте қалды. Бұл жандардың есімі тарих парақтарында ғана емес, бүкіл елдің жүрегінде мәңгіге сақталатыны даусыз. Қазақтың осындай батыр да, дана қыздарының ізін жалғап келе жатқан белгілі қоғам қайраткері, тіл жанашыры Осман Асылы Алықызы да бүгінгі қоғамда есімі қызға үлгі, ұлға құнды бола бермек.

Экономика және бизнес жоғары мектебінде «Сұңқар» студенттер кәсіподағы мен менеджмент және маркетинг

кафедрасының ұйымдастыруымен, экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы, қоғам қайраткері, доцент Ермекбаева Баян Жүндібайқызының қолдауымен «Қыз өссе елдің көркі» деген атпен өткен іс-шараның да басты қонағы Асылы апайымыз болды.

Асылы апайдың: «Мен әйелдердің, алдымен, ана болғанын жақсы көремін. Әйел заты бүгін – қыз бала, ертең – келін, бүрсүгіні – ана. Қоғамды ұстап тұратын – Адам. Ал ол адамды тәрбиелеп отырған – Ана. Өйткені қоғамның да, перзентінің де жөнді тәрбие алуына ең күшті әсер ететін – Ана. Ананың басты міндеті – баласына ұлттық тәрбие беру, бала бойына ұлттық рухты сіңіру, өз тілін – ана тілін сәбиіне үйрету. Темір тозады, тас ұсақталып, құм болады, адам өмірден озады, ал мәңгі қалатын – ананың тілі. Міне, осындай аналық міндетін атқарып жатса, әйел баласы деп оны «көгендеп» тастауға болмайды», – деген әрбір өнегелі де, өсиетті сөздері тыңдарман студенттерге, әсіресе қыздарға ерекше әсер қалдырғаны хақ.

Халқымыз ертеден қазақ халқының әдет-ғұрпы арқылы қыз бала тәрбиесіне тән қасиеттерді бойына сіңіруге ерекше көңіл бөлген. Сондықтан ертеңгі ана, бүгінгі қыздарымызды тәрбиелеу ананың және барша қауымның міндеті деп білетін атаулы кештің қонағы Асылы апайымыздан қыздардың үлгі-өнеге алғанына толық сенімдеміз.

Айзада ЖОЛДАСҚЫЗЫ,
экономика және бизнес жоғары мектебінің 3-курс студенті

Аттестация кадров является важной составной частью управления персоналом. Эта периодически осуществляемая процедура проводится для определения уровня профессиональной подготовки работников и их деловых качеств.

Предстоит аттестация

С 11 апреля начинается аттестация работников университета. Эту процедуру планируется провести в течение двух месяцев и пройти ее предстоит более 400 работникам КазНУ.

Основными задачами аттестации являются: определение соответствия работников занимаемой должности и эффективности их профессиональной деятельности, совершенствование организации труда, оптимизация подбора и расстановки кадров, формирование высококвалифицированного кадрового состава, стимулирование повышения квалификации и профессионального роста работников.

Положение об аттестации работников КазНУ им. аль-Фараби разработано и утверждено в соответствии с Трудовым кодексом РК и Законом РК «Об образовании» и регулирует порядок и правила его проведения.

Аттестационную комиссию университета возглавляет первый проректор Мухамбеткали Буркитбаев. В состав комиссии вошли директор департаментов, начальники управлений, представители профсоюза «Парасат» работников КазНУ, кадровой и юридической служб, деканы факультетов.

Аттестуемые должны пройти собеседование на знание законодательства и квалификационных требований к профессиональной деятельности, кодекса корпоративной культуры, пройти беседу с психологом. Аттестация не коснется преподавателей, работников пенсионного возраста, беременных женщин, сотрудников работающих на 0,5 ставки, а также со стажем до одного года.

А. МАДИЯРОВА,
начальник управления кадровой и архивной работы, кандидат юридических наук

ҚазҰУ-да өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда еңбек заңнамасы мен кәсіподақ жұмысын жетілдіру жолдары талқыланды

На физико-техническом факультете состоялась международная научная конференция «Актуальные проблемы современной физики» в честь 75-летия академика Мейрхана Абдильдина. На мероприятии была презентована книга «Мейрхан Әбділдин» из университетской серии «Өнегелі өмір».

ТАЛАНТ ВО ВСЕМ

В народе есть такое выражение «Талантливый человек – талантлив во всем». Истинность этого изречения полностью демонстрирует жизнь известного ученого-физика Мейрхана Мубараквича Абдильдина. Уже более года прошло, как перестало биться сердце этого замечательного человека, но его светлый образ и память о нем остаются в наших сердцах.

Жажда науки была самой сильнейшей страстью всей его души. Он был прекрасным знатоком исключительно во всех отраслях просвещения и удивительно многое успел. Его авторитетное мнение оказывало решительное влияние на многие аспекты развития физической науки и образовательных процессов нашей республики. Мейрхан Абдильдин стал первым основателем казахстанской научной школы по теории относительности и гравитации. А философия, история, математика, искусство, поэзия были увлечением всей его жизни.

Жизнь интересовала его во всех проявлениях, глубина этого интереса определялась его исследовательским даром, а трепетная отзывчивость, необыкновенная гибкость мышления, поэтичность, артистизм его натуры – способностью образно и художественно видеть, чутко и эмоционально внимать.

Мы знали его со студенческих лет. Он был вдохновителем и ведущим студенческого объединения «Физики шутят». Его шутки записывались, выучивались и передавались. Особенно Мейрхан Мубараквич любил подшучивать над химиками. Однажды он убедил одного из своих родственников студентов, выдвинув гениальную идею – не производить фосфорных удобрений, а вносить в почву фосфаты и поливать почву серной кислотой. Тот поведал это своему преподавателю – химику. Мне пришлось пояснить нашему молодому преподавателю, что это – очередная шутка остроумного физика.

Широкая эрудиция, тонкое чувство нюансов казахской философии и языка, богатство жизненных наблюдений, основательное знание историко-литературного материала, необыкновенное повествовательное мастерство всегда привлекали к М. Абдильдину широкий круг ученых, писателей, поэтов и журналистов.

Никто из нашего круга не мог превзойти его знания по философии и истории. Все смиренно склоняли головы перед ним, затаив дыхание слушали стихи и песни Абая, с каким вдохновением и величием он декламировал Великого казахского классика.

Мейрхан Мубараквич обладал неповторимой доброй аурой. Он никогда никому не завидовал, радовался достижениям близких ему людей. Он всегда был долгожданным гостем, а его звонкий голос часто звучал в наших домах на Весновке.



Любое торжество с его участием проходимо по-особому: полной искренней доброжелательности, светлости, любви и понимания. Многие стремились не пропустить приглашения, так как там будет Мейрхан, а значит, будет интересно и весело. Пожалуй, поэтому у дяди Хана, как мы его называли, не было свободного вечера, они были расписаны на две-три недели вперед.

В народе говорят: «Два брата одним поясом опоясаны». Подтверждением правоты этого изречения являются взаимоотношения между двумя братьями – Жабайханом и Мейрханом Абдильдиными. Их объединяла духовная общность, наполненная творческим поиском в науке, сердечное отношение друг к другу. Их отличало огромное трудолюбие и любовь к людям. Жабайхан-ага как старший в семье всегда был занят усердными хлопотами, беспокойным попечением младшего брата Мейрхана.

Свидетельством признания профессионализма, высоких человеческих качеств и огромного авторитета Мейрхана Мубараквича стало избрание его ректором КазГУ. Став руководителем ведущего вуза страны, он не перестал, как и прежде, для друзей быть просто Мейрханом. Он никогда не делил людей на ранги и чины, он совершенно одинаково относился ко всем. Под началом демократически избранного ректора коллектив КазГУ последовательно продвигался в мировую научно-образовательную систему и добился больших достижений.

Известный всему миру талантливый ученый оставил богатое научное наследие и заложил основу плеяды звезд казахстанских ученых-физиков. Именно в таких людях, как Мейрхан Мубараквич, как в фокусе, сосредоточивается, накапливается и ярко высвечивается опыт поколений. Он прожил достойную примера жизнь, свет от которой вечно будет отражаться в делах и творениях его последователей и учеников.

Маруан ТАНАШЕВА,
доктор химических наук,
профессор

Болашаққа нық сеніммен

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында «Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әралуандығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек» деген болатын. Соған сәйкес, мәдениет мәселелерінің ара-жігін кәсіби тұрғыдан ашып, ғылыми дәрежеде негіздейтін мәдениеттану мамандығының сұранысы одан әрі арта түспек. Еліміздің ең ірі мегаполисінде бүгінгі таңда 146 тарихи, археологиялық және монументальдық өнер ескерткіші, 24 кинотеатр, 17 театр, 298 мұражай, көптеген артсалондар мен көркем галереялар, 394 кітапхана бар. Аталған мекемелердің тұрақты әрі табысты қызмет атқаруына мәдениет саласын басқарушы мен бақылаушы органдарымен қатар мәдениеттанушы мамандардың алатын орны маңызды. Сапалы білім мен ұлттық мәдени құндылықтарды бойына сіңірген кәсіби мамандарды даярлауда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың дінтану және мәдениеттану кафедрасы көш басында келеді.

Қазіргі таңда дінтану және мәде-

ниеттану кафедрасының меңгерушісі философия ғылымдарының докторы, профессор А. Құрманалиева өзінің кәсіби біліктілігінің арқасында үлкен ұжымды бір мақсатқа тұтастыра отырып, кафедра жұмысының жан-жақты әрі сапалы дамуына зор үлесін қосуда.

«Мәдениеттану» мамандығы студенттерін кәсіби, шығармашылық дамыту мақсатында кафедрада «Нұр», «Мәдениет kz» клубтары жұмысы жасап келеді. Яғни бұл клубтар жастардың рухани белсенділігін жетілдіру арқылы олардың өзін-өзі басқару қабілеттерін, Отанға және кәсіби қызметке деген сүйіспеншілігін арттыруға лайықты шараларды жүзеге асырады.

Мәдениеттану ғылымының ғасырлар бойы сарқылмас мұра, болашақты айқындауға бағыт беретін рухани құндылықтарды сақтап, қазіргі жас жеткіншектерге түсіндіруде және қоғамның ойын бір арнаға біріктіруде өзіндік орны зор.

Әлия ӨМІРБЕКОВА,
дінтану және мәдениеттану
кафедрасының доценті;
Қуандық НАРЫМБАЕВ;
«Мәдениеттану» мамандығының
4-курс студенті

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауын терең және жан-жақты талқылау мақсатында гуманитарлық факультеттерге арналған шеттілдер кафедрасында арнайы жоспар құрылып, онда Жолдаудың әр тарауын, бөлімін студенттермен талқылау көзделген.

Еліміздің жаңа саяси бағыты хақында

Жолдаудың үшінші тарауы «Қазақстан - 2050» Стратегиясы тым құбылмалы тарихи жағдайдағы жаңа Қазақстан үшін жаңа саяси бағыт» деп аталады. 2013 жылы наурыздың 12 жұлдызында экономика және бизнес жоғары мектебі, философия және саясаттану факультеттерінің 1-курс студенттері қатысуымен аталмыш тарауды талқылау мақсатымен іс-шара өтті.

Ең алдымен, осы шараның мәні мен мақсаты туралы сөз болды. Жалпы, Жолдауда ел дамуының басты бағыттары айқын көрсетілген. Шарада жолдаудың үшінші тарауы, оның ішінде әлеуметтік жағдаяттар бағыттары, ана мен баланы қорғау туралы сөз қозғалды.

Студенттер тақырыпқа сай газет шығарып, баяндама дайындады. Олардың сонау ақтабан шұбырынды заманындағы аналардың қажырлы еңбегінен бастап, қазіргі қоғамның дамуына сүбелі үлес қосып жүрген әйел азаматтар туралы слайдтары өте тартымды болды.

Аталған шараға студенттердің аса жауапкершілікпен дайындалғаны айқын көрінді. Мысалы, қаржы мамандығы студенті Ақбота Салғараева репрессия жылдардағы әйелдердің қайсарлығын керемет дауыс ырғағымен баяндауы көпшіліктің көңілінен шықты.

Іс-шара барысында студенттер гитарамен ана туралы ән шырқап, ақиық ақын М. Мақатаевтың әйелдер туралы өлеңдерінен үзінді оқыды. Елбасының ескелең ұрпақтың озық білім алуы үшін көп күш жұмсап жатқаны туралы айтылды. Терең білім алу қажет екені айтылды. Студенттер, болашақта «Қазақстан - 2050» Стратегиясына өз үлестерін қосып, елін одан әрі гүлдендіруге аянбай еңбек ететіндеріне кәміл сендірді.

Б.Н. АҚШАЛОВА,
гуманитарлық
факультеттерге арналған
шет тілдер кафедрасының доценті

“Отличник Высшей школы”



Мария Тажиновна, родилась 14 февраля 1938 году в г. Каркаралинске, Карагандинской области и окончила среднюю школу г. Семипалатинска в 1956 году, после которой один год проучилось в Томском университете, одновременно работая на шарикоподшипниковом заводе. После этого судьба её привела в Алма-Ату в КазГУ им. С.М.Кирова, где в 1962 г. окончила геолого-географический факультет. Как лучшая студентка и активистка решением Ученого Совета была назначена на должность ассистента кафедры экономической географии. Самостоятельно поступив в МГУ им. М.В. Ломоносова в аспирантуру, успешно защитила кандидатскую

диссертацию по теме «Экономико-географическая характеристика Алма-Атинского промышленного узла с учетом его сейсмических условий». Мария Тажиновна, много вложила в развитие Высшей школы с сентября 1971 г. по март 1984 г. заведя кафедрой экономической географии в КазГУ. Более 50-лет связывает Марию Тажиновну с нашей кафедрой, где работает в должности доцента по настоящее время.

В разные периоды Мария Тажиновна вела общественную работу как руководитель и как член в НСО, методбюро, партбюро, профбюро, общество «Знание» университета, а также была ответственным секретарем научного сборника КазГУ «серия География». В эти же годы она была единственным представителем в УМУ и НТС Союза, активным членом Всесоюзных совещаний и съездов по проблемам высшего географического образования в городах Москва, Ленинград, Киев, Ташкент, Бишкек, Алма-Ата и др.

Мария Тажиновна установила тесные производственные связи с ведущими вузами страны: МГУ, ЛГУ, Азер-

байджанским, Киевским, Пермским государственными университетами, а также подготовила через целевую аспирантуру МГУ молодых специалистов, где улучшила качество подготовки специалистов, а выпускники успешно работают в разных направлениях и регионах Республики Казахстан.

Имеет более 50 публикаций по экономико-географическим проблемам Казахстана. Мы её знаем, как честного, принципиального, доброго и ответственного педагога. Трудовая деятельность Марии Тажиновны отмечена различными наградами, как: «Отличник Высшей школы», «Ветеран труда», «Почетный работник образования Республики Казахстан».

Мария Тажиновна, Ваше имя и вся научно-педагогическая деятельность тесно связаны с Казахским национальным университетом им. аль-Фараби.

В этот прекрасный день мы рады поздравить Вас с Днем Рождения!!!

Во все времена к труду преподавателя предъявлялись самые высокие требования: именно преподаватель всегда был образцом высокой эрудиции, интеллигентности, творческого горения!

Вы, Мария Тажиновна, с честью несёте свою благородную миссию, всегда находите в центре общественной жизни кафедры географии, землеустройства и кадастра. Вы пользуетесь заслуженным авторитетом как ответственный, компетентный, высококвалифицированный специалист, талантливый ученый и педагог.

От всей души желаем Вам больших научных и творческих достижений, искренних друзей и коллег, отличных студентов!!!

Пусть и дальше растут цветы истины, добра и красоты на Вашем благородном жизненном пути!

Желаем вам крепкого здоровья, благополучия и творческих удач!

Пусть жизнь, как яркая мозаика, складывается из светлых красок радости, незабываемых событий, каждый новый день дарит удачу и прекрасное настроение!

*Зав. кафедрой географии,
землеустройства и кадастра д.г.н.,
Г.Н. НЮСУПОВА.
к.г.н., доцент кафедры географии,
землеустройства и кадастра
К.Д. ДУЙСЕБАЕВА*

Міне, кезді ашып-жұмғанша төрт ай уақыт та өте шықты... Өзіміздің сүйікті қаламыз Алматыға да оралдық. Осы уақыт аралығында біз Зальцбург университетінің геоинформатика кафедрасында (Австрия) өз білімімізді шыңдап қайттық.

Академиялық ұтқырлық – мамандықтың қыр-сырын меңгеруде зор көмек

Зальцбург – Австрияның батысында орналасқан бірегей сәулет өнері мен қайталанбас табиғат сұлулығының, классикалық музыканың қаласы. Аты әлемге әйгілі композитор Вольфганг Амадей Моцарттың туған жері. Тарихы терең, мәдениет пен өнер ұштасқан қалада білім алу кез келген студент үшін үлкен бақыт деп білемін.

Атап өтерлік жайт, ҚазҰУ мен Зальцбург университеті арасында келісім-шарттан бөлек география және табиғатты пайдалану факультеті де «TEMPUS – Геоинформатика: GEM – энергетиканы, ресурстарды, қоршаған ортаны қорғауды басқару» жобасының аясында серіктес болып табылады. Екі университет арасындағы тығыз қарым-қатынасты жалғап, академиялық ұтқырлық бағдарламасының дамуына үлес қосып, бізге үлкен қолдау көрсеткен Зальцбург университетінің геоинформатика кафедрасының меңгерушісі профессор – Джозеф Штробл және ҚазҰУ-дың картография және геоинформатика кафедрасының ғылыми-инновациялық және халықаралық байланыс жұмыс

жөніндегі кафедра меңгерушісінің орынбасары, аға оқытушы, PhD – Айжан Асылбекқызының еңбегін ерекше атап өту қажет. Зальцбург университетінде өткен семестр барысында біз ҚазҰУ-дың қабырғасында алған білімімізді ары қарай жетілдіріп, геоинформатика саласында өз біліктілігімізді арттырдық, геоақпараттық жүйелер аясында жаңа технологиялармен жұмыс жасадық және өз деңгейімізді барынша көрсете алдық деген сенімдемін. Мен бітіруші курс студенті ретінде алған теориялық және практикалық білімімді өз зерттеулерімде және болашақ дипломдық жұмысымда кеңінен қолдана аламын.

Әрбір студентінің өмірде өз тетігін тауып, білікті маман болып шығуы үшін аянбай еңбек еткен география және табиғатты пайдалану факультетінің картография және геоинформатика кафедрасының профессор-оқытушылар құрамына алғысымыз шексіз.

Забира РАХЫМБАЙ,
картография және
геоинформатика кафедрасының
4-курс студенті

Атамекеннің Ыстық ықыласы

Жақында мемлекеттік тіл кафедрасына Қытай Халық Республикасының Іле педагогикалық университетінен үш оқытушы тағылымдамадан өтуге келді. Мәтқабыл Мұқаметкерім, Бәтима Бидоллақызы, Ясын Жұлбайев мемлекеттік тіл кафедрасында қазақ тілін өзге тілді аудиторияда оқыту әдістемесімен, бағдарламалармен, оқулық, оқу құралдарымен танысып, тәжірибе алмасты.

Іле педагогикалық университетінің доценті Бәтима Бидоллақызы: – Іле педагогикалық университетінде жиырма жылға жуық қызмет істеп келемін. Осы уақыт аралығында қазақ тілінің тарихын зерттеумен айналыстым, бұл бағытта филология ғылымдарының докторы, профессор А. Салқынбайдың еңбектері үнемі жолбасшы болды. Осы тағылымдамадан өту барысында Қазақстандағы тіл тарихының зерттелуі барысымен, бұл салада жазылған ғылыми еңбектермен танысуға мүмкіндік алдым, көп мәліметтер, материал жинақтадым, өте ризамын», – деп пікірімен бөлісті.

Кафедра оқытушыларымен өткен кездесуде Қытайдағы қазақ тілінің оқытылу барысы, қазақ әдебиеті, оның ішінде балалар әдебиетінің зерттелуі жай-күйі сөз болды.

Іле педагогикалық университетінің доценті Ясын Жұлбайев еліміздегі тілге қатысты іргелі өзгерістердің сырттағы қандастарымызды да бей-жай қарамайтындығын айта келіп, латын

әліпбиін қабылдау жайлы да өз ойын білдірді: – Қазақ тілінің латын әліпбиін қабылдайтыны туралы Елбасының бастамасын Қытайда тұратын қандастарымыз да қуана қолдап жатыр. Бұл әліпби арқылы біз елімізге рухани тұрғыда жақындай түсеміз».

Мемлекеттік тіл кафедрасының оқытушылары қонақтарды өз еңбектерімен, ғылыми зерттеу бағыттарымен, оқулық, оқу құралдарының құрылымымен таныстырды. Шетелдік әріптестеріміз қазақ тілін оқытудың жетік түрде жүйеленгенін, оқу материалдарының жан-жақты жинақталғанын, өздерінің жақсы тәжірибе жинақтағанын айтты. Атамекенге келуді көптен армандаған қандастарымыз ыстық ықыласпен қабылдаған университет ұжымына зор алғыстарын білдірді.

Н.Ж. ЕПІЗБАЕВА,
Мемлекеттік тіл кафедрасы
меңгерушісінің
оқу-әдістемелік және тәрбие
жұмыстары жөніндегі орынбасары

Экономика және бизнес жоғары мектебі ұйымдастырған дөңгелек үстелде оқытушылар мен жұмыс берушілер болашақ экономистерді дайындау мәселелерін қарастырды

Қазақ күнтізбесі – табиғат құбылыстарын бақылаудан туған халықтың көп жылдық тәжірибелері қорытылған, жұлдызды аспан туралы астрономиялық түсініктер мен білімдер жинағы. Қазақтар өзінің байырғы күнтізбесі арқылы жайлауға қай уақытта көшу, күзге және қыстауға қай уақытта қайту, мал төлдету, соғым сою, егін егу, шөп шабу мезгілдерін есептеп отырды. Табиғат құбылыстарын, жұлдызды, аспанды бақылаудан туған, халықтың көп жылдық тәжірибесінде зерделенген астрономиялық құбылыстар мен білімдер жүйесі негізінде Қазақ күнтізбесі қалыптасты. Осымен қатар қазақ қауымы планеталарды, жұлдыздарды жаңылыспай таныған. Олар, жайында өлең-жыр, сан алуан аңыздар шығарды. Қазақтардың аспан денелеріне қойған аттары да өздерінің мал бағушылық өмірінен алынды. Жұлдызды аспан картасын олар Темірқазықтан бастады.

ҚАЗАҚ КҮНТІЗБЕСІ

Темірқазық – қазақтардың түнде жол жүргенде бағыт-беталысын бағдарлайтын астрономиялық компасы іспетті болды. Оның жанындағы екі жұлдыз “Ақбозат”, “Көкбозат” деп аталды. Жетіқарақшы қазақтың мал күзеткен күзетшілерінің астрономиялық сағаты еді. Күздің ұзақ таңында күзетшілер Жетіқарақшыға қарап көзек ауыстырды. Юпитерді – “Есекқырған”, Марсты – “Қызыл жұлдыз”, Сириусты – “Сүмбіле” деп атады. Бұлардың аспан күмбезіндегі орнын, қозғалысын біліп отырды. Үркер шоқжұлдызының қазақтар үшін мәні болды. Қазақтар Үркердің аууынан күн райы өзгереді деп білді. “Үркер жерге түспей жер қызбайды” деген содан қалса керек. Халық есепшілері Үркердің тууы мен батуын ұдайы қадағалаған, бақылап отырған, шаруашылық маусымдарын соған сәйкестендірген. Орион шоқжұлдызына ерекше көңіл бөліп, оны әр алуан аттармен: Арқар, Үш арқар, Таразы, Шідер деп атады. Шілденің аяғында “Таразы жұлдызының” тууы жаздың өтіп, аптаптың беті қайтқандығын аңғартады. Қазақ есепшілері бұл жұлдыздың көрінуіне қарап: “Таразы туса, таң салқын, бидай, тары піседі” деп тұжырымдайды. Сүмбіле туған соң жаз аяқталып, малдың тынышын алатын шыбын-шіркей кешікпей жоғалады. “Сүмбіле туса – су суыр” деген сөз егін орып, отын-сужинап, жылы үй дайындап, қыстың қамын ойлауды аңғартады. Қазақ күнтізбесінде уақыт есебінің Үркер шоқжұлдызы бойынша жүргізілетін жүйесін тоғыс есебі деп атайды (Тоғыс есебі). Байырғы Қазақ күнтізбесінде жыл басы көктемдегі күн мен түннің теңелуі (жиырма екінші наурыз) күнінен басталады. Бұл күні жаңа жыл – наурыз мейрамы өткізілді. Осындай халық есепшілерінің есептеулерінен кейін қазақ халқы астрономия ғылымын жетік меңгерген деген ой туындайды.

Г.А. УСАБАЕВА

Физика-техникалық факультет,
теориялық және ядролық физика
кафедрасының оқытушысы

“Қазақ университеті” газетінің

Жақыпбек АЛТАЕВ,
ф.ғ.д., профессор, философия
кафедрасының меңгерушісі



НАУРЫЗ – мейірім айы

Қазақ пәлсапасында басқа халықтар тәрізді Әлем мен Адам екі дүниенің сырын ашуға ұмтылған. Аспан денелерінің қозғалысына тандана қарап, өзінше ой түйген. Көк аспанның сырын ашуға талпынған. Жұлдызды әлемнің жұмбақтарын ашуды арман еткен. Нәтижесінде дүние туралы түсінігі, көзқарасы қалыптасқан. Адам бойындағы небір тылсым күштерді де тануға ұмтылған. Қазақ халқының дүниесезімі мен дүниетанымының ерекшеліктері өзі өмір сүрген ортамен тікелей байланысты. Қазақ халқы басқа Еуропа халықтары сияқты табиғатты өзгертуге немесе оған үстемдік етуді мақсат етіп қоймаған. Олар әу бастан табиғатпен етене жақын ғұмыр кешкен. Мәселен, келіп отырған Ұлыстың ұлы күнін алып қарайық. Ол – мейірім айы. Қазақ пәлсапасында мынадай бір түсінік бар. Онда «Жаңа жылды қалай қарсы алсаң, солай болады», – деген. Демек, әр жаңа жылды қарсы алу адамдардың бір-біріне деген мейірімі мен жылылығынан бастау алса, қандай ғажап!

Біздің халық Наурыздағы Жаңа жылды ерекше мейірім мен жақсы тілектермен қарсы алады. Жаңа күн шыққан, жаңа жылда күннің шуағы жерді қалай қыздырса, ал сол күнгі жақсы ниеттер мен тілектер адамдардың жүрегін жылытады. Наурыздың жұрттың көкейінде жатталуы, ертеңгі күнге деген сенімділікті, жігерлікті ұдырады. Жаңа жылды жақсы қарсы алған жөн.

Сәнім БИСЕНБАЕВА,
География, жерге орналастыру
және кадастр кафедрасының
ассистенті:



Күн мен түннің теңелуіне географиялық түсінік

Күн мен түннің теңелуі бұл астрономиялық құбылыс. Сондай-ақ, бұл күннің географиялық тұрғыдан маңызы зор. Қарапайым ғылыми тілмен айтқанда, күн эклиптика бойымен жылжи отырып, Күн аспан экваторын басып өтеді, ал аспан экваторын аспан көкжиегі қақ бөледі. Жер шарында бұл құбылыс екі рет байқалады. Алайда көктемдегі байқалатын құбылыстың қазақ тарихы мен қазақ мәдениетіндегі алатын орны бір бөлек. Теңелу кезінде күн дәл шығыстан атып, дәл батыстан батады. Жылу мен күн сәулесінің таралауы біркелкі жүреді. Солтүстік жарты шар үшін бұл күн жылылықтың келген белгісі, оңтүстік жарты шар үшін күзгі мезгілдің келген белгісі. Бұл кезеңде күн дәл экватор бойымен жылжып, сол күні экваторда тұрсаңыз күн тас төбеңізден жарқырап еді.

Күн мен түннің теңелуі табиғатқа бір белгі беретіндей. Қар біржолата кете бастайды, ауа температурасы көтеріледі. Мұздықтар еріп, өзендер толып, геоморфологиялық үрдістер қарқынды жүре бастайды. Топырақ сызы біртіндеп кетіп, өсімдіктер өсуге мүмкіндік алады. Осы күннен бастап елімізде оңтүстіктен солтүстікке қарай көктем нағыз өз иелігіне кіреді.

Роза СЕРІКБАЙҚЫЗЫ,
ф.ғ.к., Журналистика
факультеті, Баспа ісі және
дизайн кафедрасы
меңгерушісінің
орынбасары:



Ырыс-құт пен берекенің қайнары НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ

Тәуба, тәуелсіздікке қол жеткелі халқымыздың талай салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары үкісі қисаймай өз жөнімен өтіп жатыр деуге әбден болады. Еліміздің кең-байтақ жерін мекендеп жатқан барша ұлттар мен ұлыстардың ортақ мейрамы – Наурыз да келіп жетті. Жаңғыру мен жаңарудың, ынтымақтың мерекесі саналатын «Ұлыстың ұлы күнін», «Жыл басын» Әз-Наурызды асыға күтетініміз анық.

Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағында жеткен бұл мерекелі де берекелі Наурызда адамдар «жоғын бардай, барын нардай» етіп көрсетіп бір арқа-жарқа болып қалады. Ашу-ызаны ұмытып, көңіліндегі кірбінді кетіріп, достық пейілмен бір-бірімен сәлемдесіп, жақсы тілектер айтысып, алдағы армандарына үміт отын жағады. Наурыз көже дайындап, адамдар бір-бірінің үйіне кіріп, құтты болсын айтысады, бұлақ көзін ашады, жан-жағын тазартады. Жер иесі - Қыдыр ата өлді, үйді аралап, бақыт сыйлайды, бата береді деп сенеді. Шындығында, осының бәрі адамдардың өзара сыйластығын нығайтады.

Шуағын шашқан көктемнің нұрлы шапағаты Наурыз мейрамы тіршілікке шаттық сыйлайды. Бүкіл тіршілік иесі тату болуы үшін, ынтымақты, берекелі тұруы үшін бір қазаннан дәм татады.

Жастар тумысынан көкірек көзі ашық ақылгөй аталар мен әдеп-инабаттың кеніндей текті әжелерден бата сұрасады. Олар балауса шақтағы «өз Наурыздарының» көркем көріністерін көз алдына моншақтай тізіп айтып береді. Оны тыңдау, шежіре қариялардың үлгі-өнегесін, тіршілік тұжырымдарын, дүниетанымын зерделеу біздің парызымыз. Өйткені, төл мейрамның қадір-қасиетін аяқасты етпеуіміз қажет. Кейін біз де ұрпағымызға осы ұйыған күйінде өткізуіміз керек. «Халқым қандай десең, салтымнан сынап біл» деген емес пе?

Рухымызды өрге сүйрейтін ұлттық мерекеміз, Ұлыстың Ұлы күні Наурыз құтты болсын! Жақсылықтың жаршысы, жаңа түскен Күн нұрының символы - Қызыр баба, дәулет дарытып, бақ қондырсын!

Ұлыстың ұлы күні атанған ұлық Наурыз аузымызды аққа толтырып, бір төлімізді екеу, екеуін бесеу қылып, үйімізді жанға, қорамызды малға толтырсын! Әр отбасы үшін жақсылықтың жаршысы, қуаныштың хабаршысы болсын!

наурыз көжесі

Хахим СУЕРБАЕВ,
х.ғ.д., профессор, Физикалық химия,
катализ және мұнай химиясы
кафедрасының оқытушысы



«Жасыл химия»

ілімі дамып келеді

«Бір тал кессең, он тал ек» қағидасын мықтап ұстанған қазақ үшін тал егу – соңына ұрпақ қалдыру секілді ұлы істердің бірі. Сол үшін де Наурыз мерекесі ырыс пен еңбектің, молшылық пен татулықтың мейрамына айналған. Мәселен, университеттердегі тал егу жұмысы – бұл жастардың табиғат-анаға, күллі жаратылысқа деген ықыласын оятып, адам баласының табиғатпен үйлесімді түрде дамитынын ұғындыру болмақ.

Жастрадың табиғаттың адам баласына қаншалықты пайдалы екендігін құр ауызбен немесе аудитория ішінде оқылатын дәріспен жете ұғынбасы анық. Әсіресе бүгінгі техниканың озық дамыған кезеңінде, жастардың табиғаттан жырақтап бара жатқаны жасырын емес.

Тіпті, химия саласы бұл мәселені алға тартады. 20 жылдан бері әлем бойынша «Жасыл химия» атты Химия саласының жаңа ілімі пайда болды. Бұл біз үшін неге қажет? Себебі, «Жасыл химия» өнеркәсіп пен техника қызып тұрған уақытта, адамдардың ағзасына, денсаулығына зиян келтіретін химиялық заттардың көбеюі салдарынан, осы ілімді күн тәртібіне қойып отыр. Өмірде улы заттар көбейіп барады. Ал, «Жасыл химия» тазалықты, қоршаған ортаны қорғауды қадағалайды. Бұл ілім бүгінде химия факультетіндегі дәрістер қатарына да еніп отыр. Жалпы, біз Наурыз мерекесінде «Жасыл химияны» және дәстүрімізді негізге ала отырып, студенттермен бірге университет ауласын абаттандырып тұрамыз.

Ханшайым ҚАРАБАЕВА,
ф.ғ.к., Мемлекеттік тіл кафедрасы
меңгерушісінің орынбасары



Наурыз және ырым-тыйымдар

Осы күні пісірілетін Наурыз көженің 7 санымен тікелей байланысты болуы, қыз-жігіттер арасында сый-сыяпатқа айна, тарақ беруінің өзінде үлкен мән бар. Ол сұлулықтың, әдеміліктің үлгісі. Жыл ішінде мал-жан ауру-сырқаудан аман болады деп ырымдап, Наурызға орай ауыл-аймақ тазартылып, адамдар жаңа, таза киініп, шашын алып, бойын тазартып, мойнындағы қарызынан құтылады. Күнөсынан барынша арылуға тырысып, тәубесіне келеді.

Жаңа жылдың алғашқы таңы атып, күн шыққанда, күннің «Құты» дарыған кісі мол ырысты болады деп ырымдалып, «Қызыр түнін» күзетіп шығады.

«Көк қаулап өссін, ақ мол болсын» – деп ырымдап, «Құтаю» рәсімі бойынша жаңа бүрлеген шыбыққа ақ бүркеді.

Пәле-жала, ауру-сырқау, реніш-қайғы өткен жылда қалсын, отпен жанып кетсін деп «Аластау» рәсімін жасайды. Ұлыс күні жауған қар «Ақшақар», «Нұржауды» деп аталады. Ол басталатын жылдың ырысты болатындығының нышаны.

Наурыз күні қарға түскен құмалық батып кетсе, көктем ерте шығады, ал батпай бетінде қар қалса, көктем 40 күн кеш шығады.

Ауыл ақсақалдары, көрші-қолаң «Ақ мол болып, көпшілікке бұйырсын» деген оймен бірін-бір «қымыз мұрындыққа» шақырады.



Абдураим АЙТҚОЖАЕВ,
ф.ғ.к., доцент, жылуфизика
және техникалық физика
кафедрасының оқытушысы

Наурыз – жыл басы, себебі...

Наурыз – өте көне мейрамдардың бірі. Оған тарих куә. Мұнан 2,5 мың жылға жуық уақыт бұрын күн мен түннің аспандағы теңелу нүктесі тоқты шоқжұлдызы тұсында болғандығы, оны бабаларымыздың білгендігі мәлім. Бұл шоқжұлдыздың тоқты шоқжұлдызы аталуының өзі-ақ оны дәлелдейді. Егерде бұл шоқ жұлдыздан қойды, оның мүйізін көздеріне елестетпесе дәл осылай атар ма еді?

Әбу Райхан Бируни, Омар һаям, тағы да басқа ертедегі ғұламалардың шығармаларында наурыз мейрамы, оны сол кездегі халықтың қалай тойлағаны жөнінде деректер бар.

22 наурыз нәліктен Жыл басы? Себебі, қысқы ұзақ түн қысқара-қысқара келіп, наурыздың 21-інде он екіде 12 сағаттық уақыт болып теңеледі де 22 наурызда секундтап жарығы ұзара береді. Бұл да 22 наурыздың жыл басы болуы ғаламдық

заңдылыққа сәйкес. Қазақтар жыл санауда өзге халықтардай ай мен күнге емес, негізінен жұлдыздардың қозғалысына сүйеніп, есептеу жүргізген. Жаңа жылдың 22 наурызда басталуы Жердің Күнді айналуы жолындағы қозғалуының да ерекшелігіне сәйкес дұп-дұрыс. Және де көктем наурыздың жиырма екісінен, жаз маусымының жиырма екісінен, күз қыркүйектің жиырма үшіннен, қыс желтоқсанның жиырма үшіннен басталады. Жаңа жылдың 22 наурыздан басталуы Жерді Күннің айналуы жолындағы қозғалуы ерекшелігімен сәп-сәйкес. Біздің халқымызда ғылым, білім еңбесе де, күн мен түннің теңелуін өте жақсы білген. Оның бір дәлелі, қазақы киіз үй. Оның шаңырағынан түскен күн мен ай сәулесіне қарап-ақ, халық жыл мезгілдері мен күндерді, айларды дәлме-дәл ажырата білген.

Айтқали ҚАЛИМАҒАМБЕТОВ,
б.ғ.д., молекулалық биология және
генетика кафедрасының доценті



Наурыз көже – дәруменнің қайнары

Шуақты көктем келгенде біздің ағзамыз тез шаршап, ұйқыға жата кеткісі келіп тұрады, депрессияға тез берілеміз, кейбір жағдайда шашымыз түсіп, ерніміз жарық-жарық болып кетеді. Міне, осы жағдайлар авитаминоз ауруының тууынан болады. Осы салдардан қалай құтылуға болады? Бұл биологтардың да, медиктердің де жауап берер сұрағы. Ал, халқымыздың көрегендігі сол, осы шақтан аман-есен құтылу үшін, күн мен түн теңелетін ұлыстың ұлы күнінен бастап, Наурыз көжені дайындауында болып отыр. Бірінші байлық – денсаулық. Халқымыз осы байлықты ертеден түсінген-ғой. Наурыз көжеге қосылатын әрбір қосылыс нағыз дәрумендер, ал ол адамның иммунитетін көтеретін бірден-бір күш екенін ескеруіміз керек.

Бұл ұлттық тағам келер жылғы молшылықтың жоралғысы ретінде наурыз тойында әрбір шаңырақта міндетті түрде әзірленген.

Тұз қосқаны – қазақтың мәдениеті – сөз, қашаннан сөзді қадірлеген халық ешқашан дәмсіз сөз сөйлемеген. Сондықтан да «Тұз – астың дөмін келтірер, мақал – сөздің мәнін келтірер» деп мағыналы мақал айтқан.

Сүт немесе ақ құйғаны – сүттей ұйып отырайық, ақ мол болса ден-


саулыққа да кепіл дегені. Көңіліміз де ақ болсын деген таза ниет. «Ағы бардың – бағы бар» деп түсінетін қазақ халқы сүт тағамын бақыт несібесі деп білген.

Құрт қосатын себебі – құрт күшті ас. Өртүрлі тамаққа пайдаланады. Әсіресе жазғытұрым уақытта пайдасы мол. Әлсіз, аурушаң адамдарға қуат береді.

Наурыз көжеге қазақтың ең жақсы көретін, негізгі ас-дәмдерінің бірі – ет қосылады. Қазақтың табиғаты мал мен біте қайнасқан болса, ет – қазақтың төп асы.

Көжеге алтыншы дәм – арпаны қосады. Арпа дәрілікке ем. Білетіндердің айтуынша, арпаны жиі пайдаланатындардың қаны бұзылмайды. Ирак тәуіптері бұл дәнді «ғажап құтты дән» деп атаған. Көптеген ауруларға шипалы.

Жетінші дән – күріш. Күріш де денсаулыққа шипа, ішкі құрылысты тазартатын табиғи элементтерге бай дәнді дақыл. Жалпы, Наурыз көжеге дәнді дақыл пайдаланатыны – бір тамырдан өсіп-өнген күріштей ұрпағымыз көп болсын деген тілек болса керек. Демек, осыншалықты құнарға бай тағамды, қалайша дәруменнің қайнары деп айтпасақ!



Ата қасиетінен, ана әлдінен нәр алған ұлттық үрдісімізді студенттердің бойына сіңіру, бозбалалар мен бойжеткендердің бір-біріне деген шынайы құрметін арттыру және өзара сыйластықты, достық қарым-қатынасты дамыту және қалыптастыруда «Махаббат, қызық, мол жылдар» атты университет деңгейінде өткен ашық кураторлық сабағының орны зор болды. Ұлыстың ұлы күні тарихына үңілер болсақ, 21 наурызда ғашықтарымыз бір-біріне «Селтеткізер», «Ұйқыашар» сыйлықтарын тарту еткені мәлім. Ендеше химиялық физика және материалтану кафедрасының эдвайзерлері А.К. Сейділдаева, Б.Қ. Діністанова және М. Нәжіпқызы ұйымдастырумен өткен бұл шара Наурыздың сол бір тамаша мерекесін насихаттағандай болды.

«Махаббат, қызық, мол жылдар»

Ашық кураторлық сабақ сайыс түрінде ұйымдастырылды. Оған бірінші курс студенттерінен құралған «Қозы-Көрпеш пен Баян сұлу», «Еңлік пен Кебек», «Ләйлі мен Мәжнүн», «Қыз Жібек пен Төлеген» топтары қатысты. Сайыста халқымыздың ежелгі әдетімен ең алдымен «Таныстыру» орын алса, одан кейін әр жұп өз топтарының көмегімен театрланған «Көрініс» сайысында ғашықтардың өмірлерінен үзінді қойылымдар көрсетті.

Жұптар арасындағы ән сайысында домбыра мен гитараның үні шарықтап сала берсе, сазды әуенге билеген «Би сайысы» көлде жүзген аққуларды елестеткендей болды.

Жұптардың еңбегіне әділ баға берген химия және химиялық технология факультетінің оқытушылары әділқазылар Оқу және Тәрбие жұмыс-

тары бойынша декан орынбасары Б.Қ. Есқалиева, факультеттің аға эдвайзер кураторы Е.А. Акказин, химиялық физика және материалтану кафедрасының меңгерушісі М.И. Түлепов, химиялық физика және материалтану кафедрасы меңгерушісінің орынбасары Е.О. Досжановтардың төрағалық етуімен «Бас жүлде» – Қыз Жібек пен Төлеген(сомдағандар Имран Жұманазаров, Жансая Сейілханова), «Көрермен көзайымы» – Қозы-Көрпеш пен Баян сұлу (сомдағандар Гизат Бұранов, Нұрсұлу Пахратдинова, «Ең жарасымды жұп» – Ләйлі мен Мәжнүн (сомдағандар Нүсіп Балнұр, Ернуаров Айсұлтан), «Ең өнерлі жұп» – Еңлік пен Кебек (сомдағандар Өмірғалиева Ақбота, Қапар Мирас) топтарына бұйырды.

Химия және химиялық технология факультеті



Сезімімді жеткізер, «Селтеткізер», хош көрсең, қыяң сұлу, «Ұйқыашар» бер!

Бақыт СЕЙСЕНБЕКОВА,
География және табиғатты
лайдалану факультетінің студенті

Жаным,
Қиылып қарашы бір көздеріңмен,
Жылытшы жүрегімді сөздеріңмен.

Бексұлтан БАРАТ,
Журналистика факультетінің
студенті

Бағым,
Сүйкімдісің жадырап кезде күлген,
Бақытты болам айтшы өзге кіммен.

Бақыт СЕЙСЕНБЕКОВА

Күнім,
Қоштасып мұң жамылған
кездеріммен,
Сен жанымда болғанда күлім қағып,

Қайғы-мұңды, азапты сезбедім мен.

Бексұлтан БАРАТ

Гүлім,
Сені әркез жанымда деп сезгеніммен
Сарғайып сағынуға төзбедім мен.

Бақыт СЕЙСЕНБЕКОВА

Серігім,
Аңсаған келді міне бақытты күн,
Маған адал махаббат, тұнық сезім
Арнасаң әрқашан да бақыттымын.

Бексұлтан БАРАТ

Елігім,
Жүргендеймін ең өсем сарайда мен,
Сарайдың ханшайымы бір өзіңді,
Бақытты етем мәңгі қалайда мен!

Балдәурен шақ. Мектеп өмірі. Бірінші сынып. Осы кезде қолыма ең алғаш тиген екі кітап болса, әліппеден кейінгі екіншісі «Ана тілі» кітабы еді. Рас, алғашқы кезде бәрі қызық. Әр әріп, әрбір сурет, бәрі-бәрі ашылмаған жұмбақ аралдай, сыры мен жыры тұнған үлкен ғажайыптай көрінетін. Маған кітапта берілген көп сурет ұнай қоймайтын. Өйткені суреттердің түсі солғын, сары және қызыл түстермен берілгендігі ме, бір қасиеті тарта қоймайтын. Нәліктен екенін білмеймін, солғын салынса да, көзім оттай басылып, қызығушылығымды оятатын бір суретке өзім қатты қызығатынмын. Ол қандай суреттің сиқыры дейтін шығарсыз? Әрине, бұл сиқыр емес, табиғаттың тамаша сұлулығынан туған әсер болар. Мені қызықтырған бұл картина «Бәйшешек» деп аталады.

Ақпанның ақ тоңы сәгілместен, көктем мезгілі келместен күркіреп ақ гүлімен көрік беретін бұл гүлдің адамзатқа берер әсері ерекше. Нәзіктікті, сұлулықты, һәм қайсарлықтың, адалдықтың, пәктіктің нышаны болар көктем жаршысы. Ол сол қасиеттерді бойына дарыта отырып, көгілдір көктемге нұр мен рух құятындай. Гүл – құдіреті, гүл – сезімі.



Бәйшешек гүлдеген шақ

(мәлтек сыр)



Табиғат тынысы осылайша жанданып, кішкентай ғана гүлдің өзінен сезіледі. Жай сезіліп қоймайды, сергелдеңге түскен пендененің сел болып аққан сезімін сергек етіп, жан жарасына жақсылықтың жылуын сыйлайды.

Бәйшешек – көгілдір көктемнің жаршысы. Оның отаны - Орта және оңтүстік Еуропа, Кавказ. Орта Азияда, негізінен Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарында, Өзбекстанның Қазақстанмен шектесетін жерлерінде ғана өседі. Бұлыңғыр, сүреңсіз күндері, түнде гүлі жабылып, аязда қатып қалған тамшыны елестетеді. Көздің тамшысы іспеттес. Оны ағылшындар осы «кескініне» қарай «қар тамшысы» деп атайды.

Гүлдің құдіреті сол, қанша қалың қар басып жатса да, гүл жарып, шешек атады. Бұл табиғаттың адамзатқа тартқан тартуы, шын сыйы болар?! Сонау аспанмен таласқан таулар мен оның жоталарынан, бергі қара далаға дейін құлпырып, жайнап өсетін бәйшешек тазалықтың белгісі. Тазалық, пәктік болған жерде, мейірбандық, ізгілік өмір сүреді. Бәлкім, бұл гүлдің Ұлыстың ұлы күні аяқталғанша гүл ашуы, Наурыздың берекелі, мерекелі, һәм игі мереке екенін айшықтайтыны шығар. Табиғаттың өзі Наурыз мерекесін сол бір гүлдің гүл жаруының өзінен көрсетіп тұрғандай. Ал халқымыз қыздарды сол гүлдерге теңейді. Өйткені гүл нәзіктікті, пәктікті

және өзіне тән қайсарлықты көрсетеді. Қыз секілді. Осы қасиеттері бойынан жоғалмаған ару, өзінің сұлулығымен ортасын нұрға бөлейді. Гүл мен қыз тағдырлас. Гүл өз гүлін ашқанда өзіне көңіл бөлетін жанға, шын көңілмен қарайды, ал қыздар да солай. Өзінің сүйгені мен сүйіктісіне қарай иық артады. Демек, терең философиялық мағына бар. Бәйшешектей ақ нұрдан жаралған жаратылыстың жұмбағына қарап, кейде түрлі ойдың тұңғығына батасың. Демек, көктем мен бәйшешек бір-бірімен ғұмырлас.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
Журналистика факультетінің
2-курс студенті

**21 марта на летней площадке КазГУграда
студенты проведут праздник «Наурыз»**

Қасиетті қара шаңырақ қаншама дарынды жастың тұсауын кесіп қана қойған жоқ, қаншама ғашық жанның басын қосты. Жастардың молдір махаббатын кең құшағында тербетіп, бақытына куә болды. Ендеше, құрметті оқырман, ғашықтар мекенінің кезекті кейіпкерлерімен таныс болыңыздар. Олар ҚазҰУ-да кездесіп, тіл табысқан. Білім нәрінен сусындап, қоғамның белді мүшесіне айналған. Бүгінде ҚазҰУ атты ортақ шаңырақта еңбек етіп жүрген отбасы иелері. Бүгінгі сұқбатымыздың иелері де ҚазҰУ-да танысып, табысып бүгінде осы қара шаңырақта еңбек етіп жүрген ұстаздар. Олар заң факультетінің оқытушылары Ермек Нұрмағанбет пен Махаббат Накишева.

Елестілігі ҚазҰУ-ға тапты...



– Ғашығыңызбен қалай таныстыңыз?

– Негізінен Махаббат екеуіміз 2000 жылы 9 қыркүйек күні заң факультетінің қағаз залында 422 аудиториясында кездестік, яғни екеуіміз бір топқа түстік. Әлі есімде логика сабағы болатын. Мен Қызылорда ауданынан, ол Семей жерінен қара шаңырағымыз ҚазҰУ-ға білім алайық деп келгеніміз белгілі. Сол кездескен сәттен бастап, Махаббат есімді қыз көзіме түсіп, ұната бастадым. Дәлел ретінде кейде өзіне қалжындап, үстіне қандай киім киіп келгенін де айтып отырамын. Сол танысқаннан бастап, 2003 жылы 24 қыркүйекте бір-бірімізге сезімімізді білдірдік. Төрт жыл бір-біріміздің қырсырларымызды біліп, 2007 жылы 24 наурыз күні үйленіп, бас қостық. Қазіргі таңда құдай берген бір ұл, бір қызымыз бар. Жұмыста да, үйде де біргеміз дегендей, тіршілігімізді жасап жүрміз.

– Студенттік кезеңнен есте қалған қызық оқиға.

– 2 курста оқып жүрген кезіміз, тобымыздағы жатақханада тұратын досымыз қонақ болындар, деп 4-5 достарымызбен бірге бөлмесіне шақырды. Сабақтан кейін қарнымыз аш, кешкі уақыт болатын. Бөлмеге кірген бойдан ол барын шығарып, тек табылғаны жарты келі түтікше кеспе, басқа азық-түлік қалмапты. Ол досымыздың қонақжайлылығы керемет еді. Содан дос қыздарымыз суға салып, пісірді. “Ал достар, тамақ дайын, столға отыра беріңдер”, – деп тамаққа шақырды бір кезде. Жапа-тармағай тұрып, дастарқанға отырдық. Өзі тамақты алып келу үшін жатақханадағы секцияға кетті. Бір уақытта жан даусы шығып, айқай салды. Тамақты ұрлап кетіпті. Енді не істедік? Соңғы тамақ. Қарын аш. Әрі қарадық, бері қарадық. Тамақ ыдысымен жоқ. Содан басымыз салбырап, бөлмеге қайта кіріп, отырдық.

Қанша уақыт өткені есімізде жоқ. Секцияға шықсақ, тамақ пісірген ыдысымыз тұр. Қуанып кеттік. Қақпағын ашып қалдық. “Ұрылар” дөңгелене піскен тамақты қақ ортасынан бөліп, бір бөлігін алып қалыпты. “Рахмет! Өте дәмді болыпты” деп хат жазып тастап кетіпті. “Ұяты бар екен-ау” дедік те, дастарқанға отырдық. Сол қайнатылған кеспенің дәмі әлі аузымызда”.

– Ең алғашқы махаббат сыйлығы...
– Жалпы өз басым сыйлық беруді,

сыйлық алуды көп ұната бермейтін адаммын. Көбінесе өзіне қажетті сыйлықты сұрап алып, содан соң сол сыйлығын беремін. Мүмкін менің алған сыйлығым ұнамай қалар деген оймен, алдымен өзінен сұраймын. Кейде өзіме қатты ұнап қалатын сыйлықтар болады, ол кезде енді ешкіммен ақылдаспай алып, сыйлаған кездерім болды. Бұл енді кейінгі отбасы кезімізде болып жүрген жағдайлар. Ал, студенттік шағымда, жүрегім махаббат сезімін білдіріп жүргенде Махаббаттың ең жақсы көретін сыйлығы ол ақ раушан гүлі еді. Әлі күнге дейін есімде, студентпін, қалтамдағы бар ақшаға 77 ақ раушан гүлін наурыздың 16 да өтетін туған күніне сыйладым.

– ҚазҰУ-дың отбасылық өмірдегі орны қандай?

– Өте жақсы сауал, ҚазҰУ үшін жаратылғанбыз десем де артық айтқаным болмас, себебі бүгінгі күнге дейін 4 жыл оқуымызды, одан кейін 2 жыл магистратурамызды, 3 жыл аспирантурамызды бірге оқып, содан соң бірге кандидаттық диссертациямызды қорғап, қазір құдайға шүкір бір факультеттің шаңырағында қызмет жасап келеміз. Бұнымен қоса, өзіміздің туған іні-қарындасым осы заң факультетінде білім алып жатса, тағы бір қарындасым экономика факультетінде ұстаздық қызметін атқарып жүр. Бір қызығы кешкі аста болсын, мейрам күндері болсын басымыз қосылып жатса бәріміздің де әңгімеміз жарасып, тек ҚазҰУ жайлы болатыны рас. Осы орайда қара шаңырағымыз ҚазҰУ – біздің отбасымыз үшін өте ерекше деп айта аламыз. Кейде достарым қалжындап, үйде де, жұмыста да біргесіңдер, осы сендер бір-біріңнен жалықпайсындар ма деп сұрақ қояды, оған біз мүдірмей қайта көрісінше, бір-бірімізді көрмесек отыра алмаймыз деп жауап қататын болдық.

– ҚазҰУ – ғашықтардың құт мекені дегенге пікіріңіз қандай?

– Жақында ғаламтор желісінде «Алматыдағы ғашықтар мекені» қайсы деген сұраққа жауап ізделгені рас. Бірі 28 панфиловшылар саябағын меңзесе, бірі «Арбаттың» бойы сезімге толы депті. Көбі ҚР Тұңғыш Президенті атындағы дендропарк пен «Медеу» мен «Шымбұлақтың» арасын жалғайтын қанатты жол да сүйгенің үшін ағыннан жарылатын орын деген пікір білдіріпті. Демек, Алматыда «махаббат мұнарасы» дейтіндей нақты бір атаулы орынның болмағаны деп те ойлауға болады.

Алматының әр нүктесі қастерлі екені белгілі. Есентай жағасында, «Арбат» бойында, саябақта іште булыққан асау сезімді бір тулатып алуға болады. Шалғайда жатып, Алматының көшесімен ерсілі-қарсылы жүруді армандайтындар шаш етекпен. Жұбы жазылмай жүрген миллиондаған махаббат иелеріне куә Алатаудың құшағы сезім құштарлығына мас болған әрбір жанды сыйдырып ала беретін кең екендігін жүрек сезетіндей.

Осыған байланысты кейде ойлайсың, ҚазҰУ қалашығы емес, махаббат қалашығы деп атасақ қалай болады деп. Шынымен де қазір қараңызшы көктемнің ең керемет айы - наурыз, күн жылынды, студенттер қол ұстасып серуендеп жүр.

Бұл жерден көптеген отбасы пайда болды, сол университетіміз пайда болған сәттен бастап қаншама жастар бір-бірімен бас қосып, отбасы құрып жатқаны белгілі. Сол себепті университетімізді – ғашықтардың құт мекені деп ауыз толтырып айта аламыз.

– ҚазҰУ жастарына ыстық лебізіңіз?

– Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың “Қазақстан білім қоғамы жолында” атты интерактивтік дәрісінде білім қоғамына қарай бағыт бұруды атап айтқан бо-

латын. Бұл барлық әлемнің болашағы. Ертеңгі күн біліммен негізделеді. Біз білімге негізделген ел болуымыз керек. Жаһандану дәуірінде жастарға білімдеріңіз арқылы республикалық деңгейді емес, халықаралық, әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті жастар болуларына тілектеспін. Бұл біздің жаһандық білім жолындағы басты мақсатымыз.

Студенттік өмір деген өмірдің керемет бір сәті ғой. Қайталанбас сәттері. Студенттің өмірі сессиядан – сессияға деуші еді. Бұл сөздің жаны бар шығар. Оларға тілегім қызық қуумен қатар ең бастысы сапалы білім алып шығуға тырысындар. Оқыған білімін жетілдірген, епті адамдар ғана өз өмірін алаңсыз құра алатынына сөз жоқ. Оған көзіміз жетеді.

Жас толқын жастардың жанарынан жарқын болашақ, үлкен арман-мұраттар байқалатыны рас.

– 21 наурыз ғашықтар күнін отбасыңызбен қалай қарсы аласыздар?

– Жалпы бұл мерекені осы уақытқа дейін тойлап немесе атап өткен емеспіз. 21 наурыз дегенде бірінші ойымызға Өз Наурыз жаңа жыл келетіні рас. Соған байланысты бұл күні 22 наурызға дайындық ретінде наурыз көже дайындаумен, ағайын-туыстарды күтумен өтеді.

Дегенмен де, қазіргі таңда көп жерде бұл мәселе аз айтылып жүрген жоқ. Соның ішінде “Қазақ университеті” газеті де көп насихаттап жүр. Бүгінде әр өңір өз ғашықтарын насихаттап, әр облыс өз «Ғашықтар күні» белгіледі. Мәселен, Таразда 15 сәуір – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» күні, Семейде 11 наурыз – «Баян күні», тағы бір өңір 19 мамыр – «Қозы күні» деп мерекелейді. Осының қажеті қанша? Біртұтас республика бір күнде мерекелейтін «Ғашықтар күні» неге белгілемеске? «Бұл қай күн болу керек?» деген мәселеге келер болсақ, әрине, 21 наурыз – еш талассыз «Ғашықтар күні» болуға сұранып тұр. Бұған негіз бар. Қыздар жігіттерге «ұйқыашар» дайындап, дәм таттырып, жігіттер қыздарға «селт еткізер» сыйлаған.

– Өңгімеңізге рахмет.

Сауалнаманы жүргізген,

Әйгерім ЖҮНІС

Журналистика факультетінің

1-курс студенті

«Студенттік көктем – 2013» байқауы 2013 жылдың 1 ақпаннан 29 наурыз аралығында үш кезеңде өтуде. Байқауға тек әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен колледж студенттері қатысуда. Күні кеше ғана байқаудың екінші кезеңі өтті. Сол сәттер жайлы біздің арнаулы тілшіміз, студенттердің байқауға деген көзқарастарын біліп қайтқан еді.

Алға, жас өрендер!



Ерман БЕРДАЛЫ,
Тарих, археология және этнология факультетінің 3-курс студенті:

– Мен дәстүрлі «Студенттік көктем-2013» байқауына «Авторлық ән» байқауы негізінде қатысудамын. Бүгін міне, 15 наурызда байқаудың екінші кезеңі жүріп жатыр. Аталған байқауға мен өзімнің авторлық «О, махаббат» атты лирикалық өнімді орындадым. Осы өнімді байқауға арнайы әкеліп отырмын. Өз басым лирикалық өндерді орындағанды ұнатамын. Бәлкім, бұл жастық шаққа тән жанр да шығар. Бүгін осы мен қатысып жатқан ән байқауында 10 үміткер бағын сынауда. Өткен жылы да осы байқауға қатысып, «авторлық ән» номинациясында 3-орын алған болатынмын. Ол кезде патриоттық «Қазақстан» атты өнімді орындап, жұртшылықтың ықыласына ие болдым. Осындай байқаулардың өнерлі студенттер арасында ұйымдастырылып тұруы олардың сахнаға бейімделуіне, өнерді түсінуге, соған ұмтылуға күш береді.



Фарица БАЙШИМА,
Экономика және бизнес жоғары мектебінің 1-курс студенті:

– «Студенттік көктем-2013» байқауына қатысып, іріктеу турына дейін жеткеніме бақыттымын. Өйткені, бұл мен секілді бірінші курс студентіне үлкен абырой. Өзімнің бір үлкен биікке жеткенімді сезінемін. Байқаудан орын алу мақсатым емес, осындай белестерден өтіп, ақтық кезеңдерде бағымды сынап тұрғанымға қуаныштымын. Мен ән байқауы бойынша «Жеке орындаушылық» номинациясы негізінде сынға түсудемін. Байқауда іріктеу сынына түсу де оңай емес. Қаншама өнерлі қыз-жігіттерден оза шығу, үлкен бір бақыт. Мен француз әні саналатын, Lara Fabian-ның «Tue s mon autre» әнімен байқауға қатысудамын.



Санат ӘУЕЛТАЙ,
Журналистика факультетінің 1-курс студенті:

– Жалынды жастарға жігер беріп, олардың бойларындағы дарын мен өнерді өрге сүйреген «Студенттік көктем» байқауына мен «Жас ақын» номинациясы бойынша қатысудамын. «Жас ақын» номинациясына берілген уақытта өнерімді паш еттім. Мұнда белгілі ақын Бақыт Беделхан және тағы басқалар қазылық етті. Бүгін ақтық іріктеу сайысында 15 жас ақын қатысты. Енді алда өтетін финалға тек 3 үміткер өтсе, оның біреуі ғана өз өнерін сахнада көрсету мүмкіндігіне ие болмақ.



Ақерке ЕСЕНКЕЛДІ,
Халықаралық қатынастар факультетінің 1-курс студенті:

– Мен «Топтық би» бойынша қатысушы бишілер тобының мүшесімін. Біз «Ұлттық би» номинациясы бойынша өнер көрсетудеміз. Бұл номинация бойынша «Жайлау» деген композиция негізінде қазақы би өнерін ұсынамыз. Ол көктем мезгілімен байланысты. Біздің топта 13 қыз бар. Оларды осы өнерге баулып, осы байқауға жетелеп жүрген Халықаралық қатынастар факультетінің Мәдениет және тәрбие бөлімінің меңгерушісі Гүлшат Ахметалиеваға алғысымыз шексіз. Енді ұстазымыздың айтқандарын орындап, факультет намысын қорғап, белестерден көріну арманымыз.

Дайындаған Қуат ЖІГЕР

«ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ – НАУРЫЗ»

Наурыз – халқымыздың ежелден желісі үзілмей жеткен көне салт – дәстүрлері мен әдет – ғұрыптары рухани, мәдени және адамгершілік дүниеміздегі қымбат қазыналарымыздың бірі. Наурыз мейрамы – көктем мен жаңаруды айшықтайтын мерейі тасыған ұлы мереке. Наурыз – көктемгі жаңарудың, махаббаттың, ақ пейіл мен татулықтың мерекесі.

Тарихи тамыры тереңге бойлаған өз-Наурыз дана халқымызда қай кезде де еңсесі биік өлдіктің, іргесі сөгілмес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесі болып келген. «Халқым қандай десең, салтымнан сынап біл» демекші, салт-дәстүрлерден этностың мінез – құлқы, үлгі – өнегесі, зейін- зәрдесі, даналығы мен даралығы, шешендігі мен тапқырлығы, ақыл – ойы, сондай-ақ, жаратушы мен жаратылысқа, өзін қоршаған жағдайға жансыз әлемге деген моральдық, танымдық, этикалық көзқарастары көрінеді. Яғни, салт – дәстүр дегеніміз – халықтың рухани өзегі, мәдениетінің діңгегі, тілінің тірегі.

**ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ – НАУРЫЗ
МЕРЕКЕСІ БАРШАМЫЗҒА ҚҰТТЫ
БОЛСЫН, БАҚЫТ ӘКЕЛСІН!**

Мансия АСЕМБАЕВА,
Физика-техникалық факультеті,
жылуфизика және техникалық
физика кафедрасының доценті

Жаңару айы

«Амансың ба? Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Қайда барса, жол болсын!», «Ұлыс бақты болсын! Төрт түлік ақты болсын! Ұлыс береке берсін! Бәле-жала жерге кірсін», – деп құшақтасып көріскен бұл игі дәстүрлерде Наурыз мерекесінің ерекшелігі жатыр.

Наурыз – күнтізбелік жылдың үшінші айы (31 тәулік), көктемнің басы. Қазақтар бұл мейрамды Өз-Наурыз мейрамы деп те атайды. Халықтың ежелгі нан сенімінде наурыздың алғашқы үш күнінде жер-көкті жарып ерекше дыбыс естіледі. Аңыз бойынша, мұны тек қана жұмақтан шыққан қой, сол арқылы оны бағып жүрген қойшы ғана естиді. Бұл күні бүкіл табиғатқа, тіршілік иесіне, өсімдік, жан-жануарға ерекше сезім, қуат, қасиет нұры құйылады.

Наурыз мерекесінің тарихи маңызының тереңдігі бар. Бүгінде төрт құбыласы тең болған, берік босағалы қазақ елі қазір наурыз мейрамын терең ұғынып, күллі ел болып атап өтетін игі дәстүрге, дүбірлі тойға айналдырды. Әлемде аты аңыз түркі тілді мемлекеттердің терең тамырлы туысқандығының да көрінісіне айналды бұл Наурыз мейрамы!

Жұлдыз ЕСІМОВА,
филология, әдебиеттану және
өлем тілдері факультеті
деканының орынбасары

В университете стартовал проект «Новые герои нашего времени», который знакомит студентов с молодыми людьми, достигших больших успехов

ҒЫЛЫММЕН ӨРІЛГЕН ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР



Еліміздегі білім мен ғылымды өркендетудегі қасиетті қара шаңырақ – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің алатын тұғырлы орны ерекше. Еңселі елдің ертеңіне көз тастап, еліміздің маңдайалды оқу орындарының, оның ішінде талай талантты қияға қанат қақтырған, талай тарланның тамырына болашақ нәрін суарып, келешегіне көзайым болған ұлттық университеттің қосар үлесі, қоғамға айтылар дауысы да ерек. ҚазҰУ-дың оқытушылар құрамы сол қайнар көздің тұтқа болар иесі мен киесі.

Аталмыш университеттің экономика және бизнес жоғары мектебінің ғылыми педагогикалық кеңесінде бар ғұмырын білім мен студенттердің даму даңғылы жолына бастайтын, салиқалы сарабдал сөздің иесі, сөзі мен ісі қатар жүретін, бірден бір тұлға деп – Нұржан Шәріпқызын айтсақ ағаттық болмас.

Кезінде ұстаздардың шәкірті, бүгінде талайлардың ұстазы, шежірелі шаңырақтың шамшырағы болып отырған ол кісі, студенттің ғылыми жұмысымен айналысуға, әсте құлаш ұра жәрдем беріп, жарғақ құлағы жастыққа тимей, солардың жемісін көремін деп көңіліне алты қанат ақ үй тігіп, тек студенттің ой санасын ғылыммен ұштағаннан бөлек, ойға зерек, санаға серпін беріп, үлкен үміт отын ұялататын қадыр-қасиеті бар

тұлға. «Бұлақ көрсең көзін аш» дейтұғын сөз бар қазақта. Әсте осы сөз Нұржан Шәріпқызының өмірлік ұстанымы тәрізді.

Оқудың бағдары мен оның жемісін көруі талаптының ынтасы мен жігерінен де қалыс қалған емес һәм сол Абай атамның сөзімен айтсақ талап, еңбек, терең ойдың тұңғығына бойлап, тәлім-тәрбиесіне ықтияр болатын да оқытушының педагогикалық психологиялық көзқарасы екені рас. Халықаралық «Болашақ» бағдарламасының стипендиясын ұтып алып, Австрия мемлекетінің біліктілік дәрежесін көтеріп, білім алып, Украина жерінде, Мәскеуде және жер жаһанның сан түрлі тараптарында ауыз толтырып айтар ғылыми тәжірибелік тағылымдамадан өткен. Өзінің ұстаздық жолын еліміздің

ұлттық университеттерінен бастап, бүгінде талай студенттің құрметті ұстазы, өз ортасының сыйлы азаматшасы, кейде ер адамға тән асыл мінез бен қайратқа бергісіз, басшылық қызметте де деканның орынбасары ретінде өз өмірлік мақсаттарының жаңа парақтарын ашып келеді. Ұстазынан шәкірт озатынын білімділер ұғынады, бүгінде өзі қанаттыға қақтырмай бірге қайнасып піскен, студенттерімен бірге жасаған жобаларын сағынып, ілтипатпен, ықыласпен еске алады.

Бүгінгі өзінде талай студенттің өзінің мамандық саласындағы өз баспапдағын қалыптастырып, өзінің ғылым мен экономика саласындағы белді қызметкер атануына іргетасын қаласқанын студенттері мақтанышпен айтады.

Ұстазының тағлымы туралы студенттері де ой қозғайды:

Ерлан Хожанов, ЭЖБЖМ 4-курс студенті: Былтыр жас экономистер арасындағы украиналық байқауда экономикалық зерттеу мақалаларында Нұржан Шәріпқызының келелі бастамасымен, ұйымдастырумен конкурсқа қатысып, экономикалық мамандықтар арасында өз салам бойынша лауреат атандым. Бұл мен үшін үлкен биіктерге бастар жолдың үкілі үміті болды.

Баян Жақыпбекова, ЭЖБЖМ 3-курс студенті: Биылдан бастап мақала жаза бастадым. Мақала жазуыма себепкер болған біріншіден өз саламақызығушылық таныта бастадым, екіншіден ұстазым Нұржан Шәріпқызының студенттермен

қалай жұмыс істегенін көріп, әр студентке зейін салып, сол студенттердің үлкен жетістіктеріне жетіп жатқанын көрдім. Мақала Киев конференциясында жарық көрді.

Фарица Кемешова, ЭЖБЖМ 3-курс студенті: Ол кісінің менен де басқа көптеген студенттерге жетекшілік ететінін естігенде ұстазымыздың өз мамандығына берілгендігіне, біліктілігіне, кәсіпқойлығына, студенттермен қарым – қатынасты нәтижелі әрі тиімді жүргізе алуына нық көзім жетті.

Ақбота Прекеева, 3-курс қаржы мамандығы: Былтырдан бастап Нұржан Шәріпқызының ғылыми жетекшілігімен бірнеше конференциялар мен жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болдым. Мақалаларым отандық және шетелдік басылымдарда жарық көрді. Нұржан Шәріпқызы студенттермен ерінбей еңбек ететін, оларға ғылымға деген жол бастаушысы, бағыт бағдар берушісі болып келетін шәкірттерінің мейірімі мен мақтанышына бөленген ұлы ұстаз.

Ол кісінің талай көз майын тамызып жазған мақалалары мен еңбектері архивте шаң басып тұратындай дүние емес, ол бүгінгі және ертеңгі білім мен ғылым жолына бастайтын асыл мұра, еңбектің кілті һәм парасат биігінің парақтары болып келешек ұрпаққа қызмет етуін жалғастыра бермек.

Дастан БЕРІҚҰЛЫ,
ЭЖБЖМ 4 курс студенті

Біздің университетте әлеуметтік акциялар өткізу жақсы салтқа айналған. Студенттер – бүгінгі таңда қоғамда ең белсенді жастар болып табылады. Болшақ заңгер – мамандар тек қана өзі үшін жауапты емес, жалпы қоғам үшін де жауапты болуы тиіс. Қоғамның денсаулығы мен хал-ақуалынан әр-кімнің жағдайы тәуелді болып табылады.

Әлеуметтік акция – ақамгершілік нышаны

Көктемнің алғашқы күндерінде заң факультетінің 211 және 212-топ студенттері эдвайзерлар з.ғ.д., профессор А.С. Ибраева және з.ғ.д., профессор Д.М. Баймаханова басшылығымен Алматы қаласындағы №1 әлеуметтік үйге арнайы барып, қарттарымызды көктем мерекесімен құттықтады. Осы әлеуметтік үйдегі 51 әйел және 9 ер адам біздің студенттерді қуанышпен қарсы алды.

Бұл үй тұрғындары толығымен мемлекеттің қамқорлығында, себебі оларды күтетін жақындары жоқ. Сондықтан олар мемлекеттің қамқорлығында болуға тәуелді. Қарт адамдар жалғыз және біздің көмегімізге өте мұқтаж. Осындай жасқа келіп ешкімге керек жоқ болу, өкінішке орай, мұңайтатын жағдай.

Студенттер концерт ұйымдастырып, мерекелік тәттілер мен сыйлықтар таратты. Құттықтау плакаттары мен біздің университет жайлы қабырға газеттерін дайындады. Концерт жүргізушісі студент А.Мамытханов әзілмен концертті бастады. Ө. Санбаеваның қазақ тіліндегі

әні, махаббат пен жастық шақ туралы лирикалық әндері ешкімді немқұрайлы қалдырмады. Ал А. Кусайнның орындауындағы «Вологда» әнін үй тұрғындары бәрі қосылып шырқады. Өз кезегінде Дана Карим ағылшын тілінде ән салды.

Бұл кездесу тек студенттердің күшімен дайындалды. Кездесуден кейін студенттер қарт адамдарды ешқашан тағдыр толғағына қалдырмау туралы ой-пікірлерін айтты. БҰҰ Бас ассамблеясы 1 қазан қарттар күні деп бекіткен. Концерттен кейін студенттер қарттарды өздерінің пәтерлеріне дейін шығарып салды. Студенттер ардагерлердің ақ батасын алды. Ардагер батасында: «Қазіргі таңда жастарды жұмысқа жұмылдыруда. Меніңсіздерден өтінетінім, жұмысты шын ниетпен атқарып, бір-бірлеріңе мейірімді болындар», – деген есиет айтты. Осы бірнеше сөзде қанша ақыл, қанша ой жатыр.

К. ИСАЕВ,

Заң факультетінің 2-курс студенті

Қуанса, бала қуансын

«Берсең, балаға бер, айта жүрер» деген қанатты сөзді ата-бабамыз тегіннен-тегін айтпаса керек-ті. «Жердегі бір бала қуанса, бір жетім жұбанса, көктегі мың періште қуанады» дегенді де хадистен есіткен едік. Әртүрлі жағдайлармен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға керегінше қамқорлық көрсету, олардың өміріндегі әрбір қуанышты сәттеріне ортақтасу қоғам тарапынан жасалған игі істердің бір бастамасы деп білемін. Осының негізінде наурыз айының 14 жұлдызында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті «Сұңқар кәсіподағының» ұйымдастыруымен №1 балалар үйіне барып қайттық. Балғын бөбектерге жақсы көңіл-күй сыйлау мақсатында өнерлі жастардан құралған шағын концертімізді ұсындық.

Толыбай Тоғжан, Кенжебекқызы Үміт атты жезтаңдай әншілеріміз әсем әндерін орындаса, мың бұралған биші қызымыз Шайхы Маралдың орындауында «Балауса», «Өзбек биі» биленіп, балдырғандарды бір серпілтіп тастады. Жүздеріне күлкі ойнаған балдырғандарымыз Шайхы Маралдың биін тамсана тамашалады. Мерекелік шара Елтай Ерназар «Батыс қызы» әнімен жалғасын тапты. Мейірімге толы №1 балалар үйіндегі жас өрендеріміз өнерпаз студенттермен түрлі ойындар ойнап, естелікке суретке түсті. Ұйым атынан арнайы сый-сияпаттар табысталап, балалар үйінің аналарына шын көңілімізден алғысымызды білдірдік.

Балалармен бірге өткен уақыт бізге де шаттық сыйлаған еді. Жүрегімізде оларға деген мейірім оянса, көңіліміз қимастық сезімге толды. Өздеріне жақын тартып, аға-апайларындай көрген балақайлар да, бізге ризашылығын айтып, ыстық ықыластарын білдіріп жатты. Біз де, періште көңілді балаларымыздың езулерінен күлкі кетпесе екен деген ниетте қалдық. Барша студент қауымын, адал жүректі, ақ ниетті еліміздің болашақ ұландарына көмек қолын созуға, қамқоршы болуға шақырамыз!

Ақбота СЕРІҚАЗЫҚЫЗЫ,
Филология, әдебиеттану
және әлем тілдері факультетінің
3-курс студенті

*Құрметті әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ ұжымы!*

11.03.2013 пен 11.04.2013 аралығында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағы дәстүрлі тазалық байқауын өткізеді. Нәтижесінде:

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Үздік кафедрасы»
«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Үздік факультеті»
«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Үздік құрылымдық бөлімшесі»
«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Үздік оқу ғимараты»
«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Үздік жатақханасы» анықталады.

Байқаудың нәтижесі 13.04.2013 жыл өтетін жалпыуниверситеттік «Наурыз» мейрамында жарияланатын болады.

“Парасат” кәсіподағы

«АРМЫСЫҢ, ӘЗ НАУРЫЗ!»

Наурыз – ежелгі заманнан келе жатқан мейрам. Бұл мерекені тойлау дәстүрінің көне тарихы бар. Наурыз күні аспан денелері өздерінің ең бастапқы нүктелеріне келіп, күн мен түн теңеліп, жан-жануарлар төлдеп, адамзат баласының аузы аққа тиіп, жер үстіне шаттық пен бейбітшілік орнаған.



15 наурыз күні №17 Студенттер үйінде филология ғылымының докторлары Анар Аширова, Назыкен Егізбаева, Гүлсара Нұржігітованың басшылығымен «Армысың, өз Наурыз!» атты салтанатты кеш өтті. Оған факультет студенттерімен қоса, Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Түркия мемлекетінің Анкара қаласында орналасқан «Гази» университетінен келген студенттер де қатысты.

Кештің концерттік бағдарламасында студенттер белсене өнер көрсетіп, халқымыздың ұлттық дәстүрін паш етті. Мың бұрала би биленіп, әсем ән шырқалды. Сонымен қатар қазақ халқының бай салт-дәстүр қорынан «Бесікке салу» қойылымы көрсетілді.


Қонақтар қазақ халқының барлық

әдет-ғұрпына сай жайылған мерекелік дастарқаннан дәм татты. Әрине, келер жылғы молшылықтың жоралғысы ретінде дастарқанның ең қасиетті тағамдарының бірі – Ұлыстың ұлы күні әзірленетін Наурыз көже мен ұлттық сусын, тағамдар болды. Думанда қазақ халқының тарихымен бірге жасасып келе жатқан ұлттық ойындар айналды. Халық ауыз әдебиетінен тапқырлықты, ұшқыр ойды қажет ететін жұмбақтар айтылды.

Ендеше ұлттық құндылықтарымызды ұлықтаған Әз Наурыз құтты болсын! Әрбір шаңыраққа бақ қонсын дегіміз келеді.

Гүлдана НЕСІПБАЙ,
мемлекеттік тіл кафедрасының
екі шет тілі мамандығының
1-курс студенті

**Алибек Идрис –
ПОБЕДИТЕЛЬ ТУРНИРА
ПО КАРАТЭ-ДО**



Студент первого курса факультета философии и политологии КазНУ Алибек Идрис стал победителем XII международного турнира “АКТОВЕ OPEN-2013” по каратэ-до, посвященного чемпиону мира Ашиму Кали.

Он выступал по программе кумитэ в возрастной группе старше 18-ти лет и в весовой категории до 75 кг. В упорной борьбе с известными спортсменами из стран СНГ, в том числе и чемпионами мира и Азии, Алибек сумел показать высокое мастерство и завоевать победу.

Не скрывая своей радости, он отметил, что «благодарен своим наставникам, которые развили во мне дух «бойца», а также своему факультету и кафедре политологии за моральную поддержку».

Соб. корр.

Халқымызда ән де, жыр да көп. Әннің де, жырдың да көбейгені қуаныш, мерей, шаттық. Өйткені ән – халықтың жаны. Ал халықтың мәңгілік ғұмырын сипаттайтын дүниесі сол руханияттан бастау алады. Қазақ әндері арасында қалың бұқараның сүйіспеншілігіне ие болып, шымыр жүректі тебіреніп жүрген әндеріміз де баршылық. Соның бірі жас әнші Ибрагим Ескендірдің орындауында тыңдап жүрген «Көк тудың желбірегені» әні еді. Ән сағымды сағынышқа толы, жанды тебіреніп, рухты оятатын нағыз патриоттық ән. Ол атамекенге деген ыстық сағыныш пен бойдағы елжандылықтан туған. Осындай рухты әннің сөзін жазған ақын Алмас Ахметбекұлымен жылы жүздесу әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Журналистика факультетінде, осы факультеттің оқытушысы, ф.ғ.к., доцент Клара Қабылғазинаның ұйымдастыруымен өтті.

**Рухты
жырдың иесі**

Алмас Ахметбекұлы 1961 жылы Қытай Халық Республикасында туған. Оның Отанға деген сағынышы мен ыстық ықыласынан туған бұл тамаша жырдың қаншама жанның жүрегінде жатталғаны анық. Жанға жылу сыйлайтын жалынды жырдың авторымен болған кездесуде журналистика факультетінің студенттері қонаққа көкейлерінде жүрген сан түрлі сауалдарын қойды. Жүзден аса қонақ қатысқан кешке ф.ғ.д., профессор Қ. Тұрсын келіп, жүздесуді ашық деп жариялады.

Сахнада ақынның сөзіне жазылған әндерін Құрманғазы атындағы

Қазақ ұлттық консерваториясының әншілері орындады. Сондай-ақ жүздесуге келген қонаққа факультеттің талантты өнерпаздары А. Орынбаева, М. Тілеубекова, А. Серікбаева, Д. Сағи жүректен шыққан өнерлерін тарту етті. Ақын кездесуде өз өмір жолымен, шығармашылығымен бөлісті. Кеш соңында барлығы естелікке суретке түсіп, ақыннан жастар қолтаңба алды.

Ақнұр ЖОЛАМАНОВА,
Журналистика факультетінің
1-курс студенті

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Тілші – Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА
Бетпеуші – Айжан ЖАҚЫПОВА
Фототілшілер: Алматы МҰХАМЕТЖАНОВ, Асқар ТАМАШ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
“Бизнес Информ” баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

**Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс № 10248**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.